



**Түркістан облысының білім басқармасының
Созақ ауданының білім бөлімінің
"Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім
беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижесі
бойынша өзін – өзі бағалау қорытындысы**

Абай ауылы, Абай көшесі, ғимарат 14А
Email: amangeldi.imanov.22@bk.ru
Телефон: +7 775 753 66 31

Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижесі бойынша өзін-өзі бағалау қорытындысының нәтижелері туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 27 маусымдағы № 183 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №818 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2024 жылдың маусым айының 1-і мен маусым айының 15-і күндері аралығында Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданы білім бөлімінің "Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін - өзі бағалау жүргізді.

Мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалауды мектептің өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда өткізді:

Қалиев Қайрат Тұрғараұлы – мектеп директорының м.а., комиссия төрағасы;

Қуандықова Ұлбала Мырзабайқызы – ДООЖО, төраға орынбасары;

Қалиев Қайрат Тұрғараұлы – ДТІЖО, комиссия мүшесі;

Есмахатова Айгерим Сакеновна - педагог-психолог, комиссия мүшесі;

Әділбекова Ұлбосын Амантайқызы – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;

Бостанова Камшат Тлеубайқызы – Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Туребаева Молдир Камшыбаевна – Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Нусипова Нургуль Ертелеуовна – бастауыш сыныптар бойынша пән бірлестік жетекшісі комиссия мүшесі.

Комиссиямен бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді, атап айтқанда, өткен екі оқу жылы (2021-2022, 2022-2023) және ағымдағы оқу жылының (2023-2024) мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын (бұдан әрі – бағаланатын кезең).

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің жалпы сипаттамасы

Жарғыға / құрылтай құжаттарына сәйкес қазақ, орыс тілдеріндегі білім беру ұйымының толық атауы	
Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің «Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	Коммунальное государственное учреждение «Малокомплектная общеобразовательная школа имени Иманова» отдела образования Созацкого района управления образования Туркестанской области
Білім беру ұйымының орналасқан жері туралы мәліметтер	
Облыстың атауы	Түркістан облысы
Қаласы/ауылы	Созақ ауданы , Абай ауылы
Көшенің атауы	Абай көшесі, ғимарат 14А
Пошта мекен-жайы индексі	161000
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)	
Телефон	8-725-46-7-71-35
Электрондық пошта	amangeldi.imanov.22@bk.ru
web-сайт	imanov-sozak.edu.kz
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері	
Бірінші басшының аты-жөні	Қалиев Қайрат Тұрғараұлы
Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі	14.06.2024жыл. Түркістан облысы «Созақ ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №145 бұйрығы
Бірінші басшының байланыс телефоны	+7 702 344 47 73
Бірінші басшының электрондық поштасы	kalyev.kayrat@bk.ru

«Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тарихы

1958 жылы Жыныс ауылындағы «Октябрь» мектебін Абай ауылына көшірген.

1960 жылдары «Октябрь» жеті жылдық мектебін Абай ауылында салынған, он бөлмелі Амангелді Иманов атындағы сегіз жылдық мектепке көшірілді. Мектепте 7 сынып бөлмесі және үш қосымша бөлме болды. Мектеп жанында сырттан қатынап оқитын оқушыларға шағын интернат салынды. 1990 жылы А.Иманов мектебі он бір жылдық жалпы орта мектебі болып ауысты.

Сол уақыттар арасында А.Иманов мектебі біршама жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтар болсақ, білім көрсеткіші болып есептелетін пән олимпиадалары мен ҰБТ-дан жоғарғы көрсеткіш көрсетті. А.Иманов мектебі аудан мектептері арасында білім сапасы бойынша жоғары бестіктен түскен емес. 2006 жылы ұлттық бірінғай тестілеу нәтижесі бойынша аудан мектептері арасында 1-орын алып, **Республикадағы 100 (жүз) үлгілі мектептің** қатарына енді.

2016-2017 оқу жылында А.Иманов мектебі Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығының қарсаңында жаңа мектепке көшті. 2016-2017 оқу жылынан бастап 2023 жылдың 11 қарашаға дейін Иманов мектебін Шардарбеков Сәкен Өтелбайұлы басқарып келді. 2024ж маусым күні Қалиев Қайрат Тұрғараұлы мектеп директоры болып тағайындалды.

Бүгінгі таңда мектебімізде 141 оқушы, 34 мұғалім, 23 кіші қызметкер жұмыс жасайды. Қазіргі таңда мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылықпен жұмыс істеу бағытында төмендегідей бірлестіктер жұмыс істеп келеді.

1. Қоғамдық-гуманитарлық
2. Жаратылыстану-математикалық
3. Техникалық пәндер
4. Бастауыш сыныптар

Мектептің миссиясы: Білімді, тәрбиелі «толық адам» қалыптастыру

Мақсаты: Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын тұлғаны оқыту және тәрбиелеу.

Міндеттері:

- бастауыш, негізгі және жоғары мектептер үшін білім беру бағдарламасы мен оқу -әдістемелік құралдарын құру;
- Салауатты өмір салтын ұстанатын, өмір бойы білім алуға қабілетті, қазақстандық университеттерге түсе алатын, функционалды сауатты, отансүйгіш, жауапкершілігі мол, көп тілді, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлайтын оқушыларды қалыптастыруға қолайлы оқу ортасын құру;
- Оқушылардың білімі мен пәндік біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ету;
- Оқушылардың рухани қасиеттерін этнотолеранттылығын, азаматтығы мен ұлт жандылығын тәрбиелеу әрі дамыту;

Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (*Бастауыш сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 1,2,4,5,11-қосымшасы; *Негізгі орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 13,14,16-қосымшасы; *Жалпы орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №412 бұйрығымен өзгертілген) 24,26,40,41,- қосымшасы).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып, «kundelik.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды. II тоқсаннан бастап, облыстық басқарма хаты негізінде электрондық журналымыз «kundelik.kz» порталынан «onlinemektep.org» платформаына ауыстырылды.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп бойынша бастауыш сыныптарда вариативті сағаттары математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру мақсатында вариативті сағаттар негізінде 1-4 сынып аралығында математикадан «математика және логика» пәні деп беріліп отыр және 2 сыныптарда қазақтілі бойынша көркем әдемі етіп жазуды үйрену үшін «жазу таңдау» пәні болып алынды.

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзіреттер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептілік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді. Курс жаһандық азаматтық құзіреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдаларын қалыптастыруға бағытталған.

Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

1. Білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуіндерімен таныстыру;
2. Тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
3. Білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту.
4. Эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;
5. Мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.

«Жаһандық құзіреттер» курсы бойынша оқу жүктемесін әрбір сыныптар үшін 5-8 сыныптарда 0,5 сағаттан «Жаһандық құзыреттер», 9 сыныпта 1 сағаттан «дінтану және құқық» және 10-11 сыныптарда «Жаһандық құзіреттер» 1-сағаттан курсы өтіледі.

Мұғалім тақырыптарды жоспарлау кезінде сағат санына сәйкес оқу тақырыптары мен мақсаттарын өзгерте отырып, сыныптың ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерін оқушының дайындық деңгейін ескере отырып жасады. Бұл пән бойынша Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 16.09. бұйрығына №399 дағы 58 – қосымшаны басшылыққа алып жасаған. Ол үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес іске асырылып отыр.

10-11 сыныптарға жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша танымдық білімдерін арттыру мақсатында химия, физика пәндері бойынша элективті курс беріліп отыр. Элективті курс бағдарламасы бойынша 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта тақырыптары берілген сол нұсқау хатты басшылыққа ала отырып жасалған.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің оқу жоспары

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны						Жалпы жүктеме, апталық жылдық	
		1	2А	2Ә	3	4А	4Ә		
Инварианттық компонент									
	Тіл және әдебиет	6	9	9	11	11	11	57	1932
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	4	4	20	680
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	3	3	15	510
4	Орыс тілі	-	2	2	2	2	2	10	340
5	Шетел тілі	-	-		2	2	2	6	198
	Математика және информатика	4,5	5	5	6	6	6	32,5	1100,5
6	Математика	4	4	4	5	5	5	27	914
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	1	1	5,5	186,5
	Жаратылыстану	1	1	1	2	2	2	9	305
8	Жаратылыстану	1	1	1	2	2	2	9	305
	Адам және қоғам	1	1	1	1	1	1	6	203
9	Дүниетану	1	1	1	1	1	1	6	203
	Технология және өнер	3	3	3	2	2	2	15	507
10	Музыка	1	1	1	1	1	1	6	203
11	Көркем еңбек	-	-	-	1	1	1	3	102
12	Еңбекке баулу	1	1	1	-	-	-	3	101
13	Бейнелеу өнері	1	1	1	-	-	-	3	101
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	18	609
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	18	609
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	22	22	25	25	25	137,5	4656,5
Вариативтік компонент									
	Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	1	2	2	1	1	1	8	271
	Вариативтік оқу жүктемесі	1	2	2	1	1	1	8	271
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	19,5	24	24	26	26	26	145,5	4927,5

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің оқу жоспары

	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны							Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6А	6Ә	7	8А	8Ә	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент										
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	11	11	77	2618
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	2	2	2	18	612
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	2	3	3	3	17	578
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	3	21	714
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	3	21	714
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	6	6	42	1428
5	Математика	5	5	5	-	-	-	-	15	510
6	Алгебра	-	-	-	3	3	3	3	12	408
7	Геометрия	-	-	-	2	2	2	2	8	272
8	Информатика	1	1	1	1	1	1	1	7	238
	Жаратылыстану	2	2	2	7	8	8	8	37	1258
9	Жаратылыстану	2	2	2	-	-	-	-	6	204
10	Физика	-	-	-	2	2	2	2	8	272
11	Химия	-	-	-	1	2	2	2	7	238
12	Биология	-	-	-	2	2	2	2	8	272
13	География	-	-	-	2	2	2	2	8	272
	Адам және қоғам	3	3	3	3	3	3	4	22	748
14	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	2	2	14	476
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	1	7	238
16	Құқық негіздері	-	-	-	-	-	-	1	1	34
	Технология және өнер	3	3	3	1	1	1	1	13	442
17	Музыка	1	1	1	-	-	-	-	3	102
18	Көркем еңбек	2	2	2	1	1	1	1	10	340
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	21	714
19	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	21	714
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	28	31	32	32	33	212	7208
Вариативтік компонент										
	Жаһандық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	4	136
	Элективті курстар	-	-	-	-	-	-	-		
Вариативтік оқу жүктемесі		0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	4	136
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		28,5	28,5	28,5	31,5	32,5	32,5	34	216	7344

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша
жалпы орта білім берудің оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	272
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Дене шынықтыру	3	3	6	2204
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2176
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	68
Элективті курстар		2	2	4	136
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	204
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35	35	70	2380

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған
негізгі орта білім берудің оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме
		8	апталық	жылдық
Инварианттық компонент				
	Тіл және әдебиет	8	8	272
1	Қазақтілі	2	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	68
3	Орыс тілі және әдебиеті	2	2	68
4	Шетел тілі	2	2	68
	Математика және информатика	4	4	136
5	Математика	-	-	-
6	Алгебра	2	2	68
7	Геометрия	1	1	34
8	Информатика	1	1	34
	Жаратылыстану	4	4	136
9	Жаратылыстану	-	-	-
10	Физика	1	1	34
11	Химия	1	1	34
12	Биология	1	1	34
13	География	1	1	34
	Адам және қоғам	2	2	68
14	Қазақстан тарихы	1	1	68
15	Дүние жүзі тарихы	1	1	68
	Құқықнегіздері	-	-	-
Инварианттық оқу жүктемесі		18	18	612
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		18	18	612

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған
бастауыш білім берудің оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме
		2	апталық	жылдық
Инварианттық компонент				
	Тіл және әдебиет	6	6	204
1	Әліппе, Ана тілі	-	-	-
2	Қазақ тілі	2	2	68
3	Әдебиеттік оқу	2	2	68
4	Орыс тілі(Я2)	2	2	68
5	Шетел тілі	-	-	
	Математика және информатика	4	4	136
6	Математика	3	3	102
7	Цифрлық сауаттылық	1	1	34
	Жаратылыстану	1	1	34
8	Жаратылыстану	1	1	34
	Адам және қоғам	1	1	34
9	Дүниетану	1	1	34
	Инварианттық оқу жүктемесі	12	12	408
	Дамытушылық сипаттағы жеке сабақтар	2	2	68
	Вариативтік оқу жүктемесі	2	2	68
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	14	14	476

Қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташаақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған оқу жоспары

№	Білім беру салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жүктеме, сағат	
		9	10	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
	Тіл	2	2	2	68
1	Сөйлеу және коммуникацияны дамыту	2	2	2	68
	Математика	2	2	2	68
2	Санау	2	2	2	68
	Жаратылыстану	-	-	-	-
3	Айналадағы әлем	-	-	-	-
	Адам және қоғам	2	2	2	68
4	Адам және әлем	2	2	2	68
	Өмірлік дағдылар және өнер	3	3	3	102
5	Бейнелеу өнері	1	1	1	34
6	Шаруашылық еңбек	1	1	1	34
7	Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау	1	1	1	34
	Инварианттық оқу жүктемесі	9	9	9	306
Түзету компоненті					
	Танымдық даму	1	1	1	34
	Түзету оқу жүктемесі	1	1	1	34
	Ең жоғарғы оқу жүктемесі	10	10	10	340
<p>Ескерту: Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға МЖМБС орындау талап етілмейді. Оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, пәндер арасындағы сағаттарды қайта бөлу және мектепте бөлек сабақтарға қатысу (емдеуші дәрігердің келісімі бойынша) рұқсат етіледі.</p>					

2023-2024 оқу жылындағы Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептің функционалдық сауаттылықты анықтау мақсатында «Мектепке арналған PISA 2022» халықаралық зерттеу жұмысына талдау жүргізілуі туралы

Мектепке арналған PISA» дегеніміз не?


«Мектепке арналған PISA» -халықаралық деңгейде жаһандық байланыстар мен салыстырулар арқылы мұғалімдер мен мектеп үйлестірушілерінің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту есебінен оқушылардың оқу мүмкіндіктері мен әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ЭЫДҰ жобасы.

ЭЫДҰ – жаһандану процестерінен туындаған экономикалық, әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешу үшін әртүрлі елдердің үкіметтері бірлесіп жұмыс істейтін бірегей ұйым

Мектебіңіздегі оқушылардың нәтижелерін талдау

- ▶ Сіздің мектебіңіздің 15 жасар оқушылары болашақта кезігетін қиындықтарды жеңуге дайын ба? Олар өз ойларын талдап, дәлелдеп, тиімді жеткізе ала ма? Олар ХХІ ғасырдың қоғамында табысты болу үшін қажетті білімді, құзыреттерді және дағдыларды дамытты ма?
- ▶ PISA бүкіл әлем бойынша 15 жастағы оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану саласындағы сауаттылығын, дағдыларын және білімдерін өлшейді.
- ▶ «Мектепке арналған PISA» нәтижелері осы үш бағыт бойынша Қазақстан Республикасының оқушыларының білім деңгейлерін дүние жүзіндегі басқа оқушылардың деңгейлерімен салыстыруға мүмкіндік береді. Жаһандық экономикада оқушыларыңыздың табысқа жету үшін қаншалықты дайын екендігін нәтижелер көрсетеді.

Оқушылардың оқу, математика және жаратылыстану сауаттылықтары бойынша нәтижелері



Оқу сауаттылығы	407	сәйкес	387	және айтарлықтай төменірек	487
Математикалық сауаттылық	478	айтарлықтай жоғарырақ	423	және сәйкес	489
Жаратылыстану сауаттылығы	399	сәйкес	397	және айтарлықтай төменірек	489


Оқушының оқу, математика, жаратылыстану сауаттылықтан деңгейлік көрсеткіштері

№	Оқушы саны	Оқу сауаттылығы			Математика сауаттылығы			Жаратылыстану сауаттылығы		
		1 деңгей %	2 деңгей %	3 деңгей %	1 деңгей %	2 деңгей %	3 деңгей %	1 деңгей %	2 деңгей %	3 деңгей %
1	11	50	45	5	38	48	14	55	43	2


Оқушының оқу, математика, жаратылыстану сауаттылығынан когнитивті дағдылардың деңгейі балдық көрсеткіші

№	Оқушы саны	Оқу сауаттылығы			Математика сауаттылығы			Жаратылыстану сауаттылығы		
		Ақпаратты іздеу	Түсіну	Бағалау және талдау	Тұжырымдау	Қолдану	Мағынасын ашу	Түсіндіру	Бағалау және жоспарлау	Ғылыми түрде түсіндіру
1	11	414	402	399	478	480	474	405	372	392

Оқу сауаттылығының үш дағдылары бойынша оқушылардың нәтижелері



- **Тұжырымдау:** мәселені шешу үшін ұсынылған жағдайдан тапсырманы бөлектеп алу керек. Оқушы берілген жағдайға қандай математикалық білімнің сәйкес келетінін анықтайды, берілген шарттарға сәйкес жағдайды математикалық түрде тұжырымдайды, болжамдар жасау арқылы жағдайды жеңілдетеді. Оқушы, осылайша, математиканың көмегімен шешілетін «жағдаяттық тапсырманы» «математикалық тапсырмаға» айналдырады.
- **Қолдану:** математикалық білімді пайдалана отырып, есепті шешу үшін оқушы «математикалық шешімге» қолжеткізу мақсатында математикалық түсініктерді, фактілерді, процестерді, ережелерді және амалдарды қолданады. Бұл кезең, әдетте, математикалық манипуляцияны, түрлендіруді және құралдармен немесе құралдарсыз есептеуді білдіреді.
- **Мағынасын ашу:** содан кейін алынған «математикалық нәтижелерді» тапсырма жағдаятымен байланыстыру үшін оларды бастапқы шарт тұрғысынан түсіндіру керек. Яғни, оқушы алынған математикалық нәтижелердің дұрыстығын шынайы өмірлік жағдай төңірегінде түсіндіреді.



Сіздің мектебіңіздің балы

Қазақстан Республикасының балы


ЭЫДҰ балы

Тұжырымдау	478	сәйкес	442	және сәйкес	492
Қолдану	480	айтарлықтай жоғарырақ	433	және сәйкес	493
Мағынасын ашу	474	айтарлықтай жоғарырақ	420	және сәйкес	497

Оқушының оқу, математика, жаратылыстану сауаттылығынан когнитивті дағдылардың деңгейі балдық көрсеткішпен.

№	Оқушы саны	Оқу сауаттылығы			Математика сауаттылығы			Жаратылыстану сауаттылығы		
		Ақпаратты іздеу	Түсіну	Бағалау және талдау	Тұжырымдау	Қолдану	Мағынасын ашу	Түсіндіру	Бағалау және жоспарлау	Ғылыми түрде түсіндіру
1	11	414	402	399	478	480	474	405	372	392

Жаратылыстану сауаттылығының үш дағдылары бойынша оқушылардың нәтижелері



Сіздің мектебіңіздің балы

Қазақстан Республикасының балы

ЭЫДҰ балы

Түсіндіру	405	салыстыруға елмейді	және айтарлықтай төменірек	493
Бағалау және жоспарлау	372	салыстыруға елмейді	және айтарлықтай төменірек	493
Ғылыми түрде түсіндіру	392	салыстыруға елмейді	және айтарлықтай төменірек	493


«Мектепке арналған PISA» зерттеуіне қатысатын мектептердің іріктеме көлемі әдетте шағын болғандықтан, бұл есеп оқушыларды үш топқа біріктіреді:

жоғарғы деңгейлерге (PISA 5 және 6 деңгейлеріне сәйкес) жеткен және ертеңгі күннің жоғары білікті қызметкері болатын оқушылар;

орта деңгейде орындайтын (PISA 2, 3 және 4 деңгейлеріне сәйкес) және оқуын жалғастырып, еңбек нарығына шығу кезінде қоғамдық өмірге сәтті қатысуға мүмкіндік беретін дағдылар мен құзыреттерді көрсете алатын оқушылар;

PISA 2-деңгейінің бастапқы деңгейінен төмен нәтиже көрсететін және білім беру мен еңбек нарығында нашар нәтиже көрсетуі мүмкін оқушылар.

Оқушылардың оқу, математикалық және жаратылыстану сауаттылықтарының деңгейлері бойынша нәтижелері



Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

«Иманов атындағы шағын жинакты жалпы білім беретін мектеп» комуналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасына сәйкес оқу- тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын шеңберінде Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында балалар мен жастарды тәрбиелеу. ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері: «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының шеңберінде балалармен жасөспірімдерді тәрбиелеу мазмұнын жаңартудың әлеуметтік маңызын өзектендіру: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық даму, сананың ашықтығы аясында; «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі индикаторлары шеңберінде білім беру мен тәрбиелеуді дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, ізгілендіру, компьютерлендіру, сандық жүйеге көшу, смарт және стем білім беру), тәрбие беру саласындағы педагогикалық ғылымның жаңашыл жетістіктерін, тәрбие берудің шетелдік және отандық қазіргі кездегі тұжырымдамаларының негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасының орта білім берудің жаңартылған мазмұнын, тәрбиенің әдіснамалық негіздерімен қағидаттарын, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, алдыңғы қатарлы тәжірибесін есепке ала отырып тәрбиенің жаңартылған мазмұнының мақсатымен міндеттерін анықтау; 1) білім беру ұйымдарында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін тиімді енгізудің шарттарын ашып көрсету; 2) заманауи басым жалпыадамзаттық, ұлттық және этномәдени құндылықтар негізінде тұтас тәрбие процесінде білім алушылар тұлғасының және олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, балалардың азаматтық қоғамы, қоғамдық ұйымдарының бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз ету; балалар мен жастарды тәрбиелеу мазмұнында заманауи реалиялармен, сондай-ақ іс қимыл компонентін, шынайы әлеуметтік маңызды нәтижелерге негізделген балалар мен жастардың әлеуметтік бастамаларын кіріктіру жүйесін күшейту. Сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы сапасының деңгейін көтеруде сынып жетекшісінің жауапкершілігін арттыру. Мектептің оқу- тәрбие үрдісіне оқушылардың ата-аналарын тартушараларың ұйымдастыру. Оқушылардың танымдылық әрекеттерін

жетілдіру жұмыстарын жалғастыру. Күтілетін нәтижелер: Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері: Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықтыяасын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін; Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілімен мемлекеттік тілге және этно мәдениетке құрметі; Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді; Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын; Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды; Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығымен мәдениетінің жоғары деңгейін; Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуымен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, руханиадамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениет аралық қарым-қатынас қақабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған. Іске асыру тетіктері: Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын,

2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында балалардың қатысуымен мәдени – бұқаралық және спорттық- бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шаралар жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде **2021-2022 оқу жылында аталып өткізілетін мерей тойлық даталы күндер:** А.Құнанбайұлы–175жыл; Ә.Қастеевке –115жыл; Қ.Аманжолов–110жыл; Оқу жылы барысында іс-шаралар келесі әлеуметті жобалар бағытында ұйымдастырылды. «Рухани Жаңғыру бағдарламасы» жобасы, «Құқықтық мәдениет», «Өнегелі бір сағат», «Қамқорлық», Дәстүр мен ғұрып», «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «ЭКО start», «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы, «Құқықтық мәдениет» жобасы, «Bala busnes». BOOKDATING G-кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса», «30 игі іс», «Адал friends», «Үнем-қоғам қуаты», «Шаңырақ», «Дәстүр мен ғұрып», «Адал ұрпақ-саналы ұрпақ», «Еңбек-елдің мұраты», жобасы аясында жұмыстар атқарылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022- 2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне–30жыл; Семей ядролық полигонының жабылуына– 31 жыл; Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына–181 жыл;Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау,жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына–176 жыл; Қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына– 161жыл; Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері,

ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына—156жыл; Ұлт ұстазы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 151 жыл; Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына –91 жыл; Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қолжеткізетін бағыттардың бірі—құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы. Бағдарламаның шешуші идеясы - оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпы адамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда: «Рухани жаңғыру», «Құқықтық сана – қауымға пана», «Адалдық алаңы», «Адал ұрпақ-саналы ұрпақ», «Құқықтық мәдениет», «Қоғамға қызмет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы, «Оқуға құштар» жобасы, «өнегелі бір сағат», «Отбасы –ортақ мектеп», «Менің отаным-Қазақстан», «Дәстүр мен ғұрып, «Өзін –өзі басқару күні», «Отбасы –мектеп», «Мектептегі бір күн», «Театр және балалар», «Дебат қозғалысы, «Дебат», «Қауіпсіз интернет», «Мектеп өмірінің бір күні», «ұшқыр ой алаңы», «Салауатты өмір салты» жобасы.

Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік, атаулы даталар жылдық жоспарда көрсетілген: Білім күні; Денсаулық күні; Тілдер мерекесі; Қарттар күні; Ұстаздар мерекесі; 25 қазан Республика күні, 1-желтоқсан Дүниежүзілік ЖҚТБ/АИТВ-ге қарсыкүрес күні, 16желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсізді күні; 15ақпан-Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен қайтарылған күні; 1 наурыз-Алғыс айту күні 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні; 22 наурыз-Наурыз мерекесі; 7 сәуір-Дүниежүзілік Денсаулық күні; 7 мамыр-ҚР.Қарулы күштер күні; 9 мамыр-Жеңіс күні; 1-маусым-Соңғы қоңырау салтанатты жиыны. Тәрбие жұмысының 8 тәрбие бағыты бойынша: 2021-2022, 2022-2023 ағымдағы оқу жылдары төменгі жұмыс түрлері арқылы іске асырылды: Сынып сағаттар; Кездесулер Дөңгелек үстелдер; Акциялар; Байқаулар; Форумдар; Челленджер; Сайыстар; Эссе жазу; Әскери-патриоттық сайыстар, Дебат ойындар, Мұражайларға саяхат жасау т.б.

«Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында аудан көлемінде өткізілген тәжірибелік семинар тақырыбы: «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» «Ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту, ата-аналарды педагогикалық қолдау және өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстарын үйлестіру» тақырыбында өткізілетін тәжірибелік семинар өтілді.

Семинар мақсаты: Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті”,- деп ұлт зиялысы М.Жұмабаев айтып кеткендей, болашақ ұрпағымызды өз ұлтымыздың тәрбиесінде тәрбиелеуге міндеттіміз. Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі - ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне байланысты. Әрбір ұлт ұрпағымен көктеп, өркен жаяды. Ұлттық құндылықтар - тәрбиенің түп қазығы! Ұлттық құндылықтарымыз- тіліміз, дініміз, салт- дәстүріміз, тарихымыз!

Созақ ауданының білім бөліміне қарасты "Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп» «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында

“Ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту, ата- аналарды педагогикалық қолдау және өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмыстарын үйлестіру” тақырыбында тәрбие саласы бойынша аудандық тәжірибелік семинар өтті. Семинар тәрбие бағдарламасының 7 бағытын қамтыды. “Әкелер мектебі, “Әжелер мектебі”, ата-аналармен коучинг, оқушылармен тәрбие сағаты, өзін-өзі басқару ұйымымен дебат, ата- аналармен тәрбие сағаты, “Толағай” отбасылық сайысы семинар бағдарламасын құрады.

2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы оқу жылдары тәрбие жұмысына байланысты педагогикалық және директор жанындағы кеңестерде төменгі мәселелер қарастырылды:

ҚР «Тіл туралы» Заңының орындалуы; Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстарының жағдайы; құқбұзушылықтардың алдын алу кеңесінің құрамын бекіту туралы; Жалпықұқықтық білім беру; мектеп жанындағы сауықтыру алаңының жұмысы; «Наурыз – жыл басы» мерекесін өткізу туралы; Оқушылардың сабаққа қатысу; Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларының жүргізілуі; Оқу – тәрбие үрдісіндегі сынып жетекшінің міндеттері туралы; Мектеп бойынша кезекшілік ұйымдастыру туралы; «1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру және өткізу туралы»; Оқу жылының аяқталуына байланысты «Соңғы қоңырау» мерекесін өткізу туралы; Мектептегі салауаттылық және дене тәрбиесі бағытының жұмыс барысы. Дене шынықтыру пәнінің берілуі. Аз қамтылған отбасынан шыққан балаларға көмек беру туралы; Тәрбие, сынып сағаттарының өтілу сапасын тексеру қорытындысы. ҚР«Бала құқығын қорғау» Заңының орындалуы; «Қиын» балалармен жұмыс; «Жасыл шырша» мерекесіне дайындық жұмыстарының жүргізілу және оқушылардың қысқы демалысына әзірлік; Мектептегі үйірме жұмысы барысы; Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу. Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру. Патриоттық тәрбие бойынша дәстүрлі іс-шаралар жыл сайын өткізіледі: Білім күніне орай Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқаулық және Білім және ғылым министрлігінің арнайы хатының негізінде патриоттық тақырыпта жыл сайын салтанатты жиын және тәрбие сағаттар өткізіледі; 2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 жылдығы, Әбу Насыр әл Фарабидың 1151 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мерекелік даталары тақырыптарымен алғашқы қоңырау өткізілді. 2022-2023 оқу жылына «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылып және «Әліппе» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді. 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақтар өткізілді. 2022-2023 оқу жылында «Терең білім, еңбек қорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиын ұйымдастырылып, тәрбие сағаттары өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; Мәдени-бұқаралық, көпшілік іс-шаралар Патриоттық тәрбие бойынша атқарылған іс-шаралар: “Мемлекеттік рәміздер-еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар” тәрбие сағаттары 9-10 сынып оқушылары арасында мектепшілік пікірсайыстар ұйымдастырылды. «Тәуелсіз Қазақстан» тәуелсіздік күніне орай апталық іс-шаралар «Бір ел, бір

тағдыр, бір халық» халықтар достығы күніне орай іс-шара. «Ерлік жыры – елдіктің ескерткіші» салтанатты жиын өткізілді. «Тәуелсіздік қорғаны– Конституция» Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім!» тақырыбында салтанатты жиын.

5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесіне орай «**Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі**» атты іс-шара ұйымдастырылды. «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы аясында дүниежүзілік «**Денсаулық күнін**» өткізу іс-шарасы ұйымдастырылды.

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп 2022-2023 оқу жылының **бірінші кезектегі ата-аналар жиналысы** өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселелер: 1.Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. (Баяндамашы ДТІЖО Қ.Қалиев) 2.Мектеп формасы (Баяндамашы мектеп ДТІЖО Қ.Қалиев). 3.Жалпыға міндетті білім жайлы. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы (Баяндамашы әлеуметтік педагог Н.Борибаева) 4.Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жол қозғалысы ережесі туралы (Баяндамашы ДТІЖО Қ.Қалиев) 5. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы (Баяндамашы кітапханашы Ә.Исатай). 6 Өртүрлі мәселелер қаралды.

«Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз балалар!» акциясының іс-жоспарына сәйкес Жол ережесі бойынша «**Назар аударыңыз бағдаршам!**» атты тәрбие сағаты өтілді. «Құқықтық сана қауымға пана» жоба аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «**Оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін анықтау**» мақсатында сауалнама алынды. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «**Құқықтық мәдениет және жастар**» тақырыбы бойынша 10 «В» сыныбында пікірсайыс өтілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «**Оқымысты оқырман**» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз балалар!» акциясының іс-жоспарына сәйкес жол ережесі бойынша «**Көшеде жүру ережесін білесің бе?**» тақырыбында 5-сыныпқа пікірталас өтілді. Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «**Қазақстан болашағы-қазақ тілінде**» тақырыбында 9-10 сыныптар арасында ой өрісті дамытуға, жан-жақты болуға, тіл үшқырлығын жаттықтыруға бағыттайтын пікірсайыс дебат ойындары ұйымдастырылды. Айтулы іс-шарада жастар екі фракция болып бөлініп, жан-жақты пікір алмасып, ойларын анық жеткізе алды. Белсенділік танытып, жоғары деңгейде өнер көрсеткен жастарға мектеп әкімшілігі атынан арнайы мадақтамалар табысталды. Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп **Өзін өзі басқару ұйымының ПРЕЗИДЕНТІНЕ** үміткерлер тағайындалды.

«**Мектеп парламент**» білім алушылардың өзін өзі басқару ұйымдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде жоғары сынып оқушылар арасында «Мектеп парламентін» сайлау өткізілді. «**Ұстаз-ұлы тұлға**» атты ұстаздар күніне арналған тәрбиелік іс-шара өтілді. «Ұстаздар күні» мерекесіне орай 2022 жылдың 05 қазан күні «**Дублер күні**» өтті. Жоғары сынып оқушылары бір күн мектеп мұғалімдерінің жұмысын атқарды. Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «**Ұлт ұстазы –А.Байтұрсынұлының 150 жасқа толуына** орай әдеби кеш ұйымдастырылды. «**25 қазан Республика күні**»

мерекесіне арналған оқушылар арасында спорттық іс-шаралар өткізілді. Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханасында **25 қазан Республика күніне арналған челлендж** ұйымдастырылды. Республика күні мектеп оқушылары диктант жазды. 9-10 сынып оқушылары жазу дағдыларын жетілдіріп, Отансүйгіштік тақырыбында ой қозғады. 25 қазан Республика күні мерекесіне орай **«Менің арманымдағы Қазақстан»** тақырыбында эссе жазу конкурсы ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасында **«Менің Отаным –Қазақстан»** тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Еліміздің әрбір азаматы табиғатымызды, қоршаған ортаны қорғауы керек. Мектеп оқушылары экологиялық мәселелерге назар аударды. Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп өзін өзі басқару мүшелері қатысуымен **«Жаңа Қазақстан-Таза табиғат»** атты экологиялық науқан өткізілді.

Жастар ауыл тұрғындарын себепсіз қоқыс тастаудан аулақ болуға түрлі химиялық жанғыш заттарды жағуға және ауа қабатына зиян келтіретін заттарды тұтынбауға шақырды.

Мұндай акцияларды қоғам үшін маңызы зор. Сондықтан мектеп әкімшілігі аталған іс-

шараны жыл сайын ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

25 қазан – РЕСПУБЛИКА КҮНІ мерекесіне орай мектебімізде **«Патриотизм дауысы»** аясында мемлекеттік әнұран орындалды.

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп саябақтарға, табиғат қорғау аймақтарына танымдық экскурсиялар, қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа және оның тұрғындарына ұқыпты қарау мәселелері бойынша дәрістер, сынып сағаттары өткізілді.

9 сынып оқушыларының қатысуымен **«Осы заманғы жастар түсінігіндегі құндылықтар»** тақырыбында Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен дебат өткізілді.

Мектептің психологиялық қызметі бойынша **«Мектеп жүрегі – ұстаз»** атты педагог-психологымыз тренинг өткізді. Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептегі жол қауіпсіздігін және өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында **«Абайлаңыз балақай!»** іс-шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара өткізу барысында балалардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп аумағындағы жолдарға мониторинг жасалды. Іс-шараның басты мақсаты – жол-көлік жарақаттануының алдын алу және жол-көлік оқиғаларын балалардың қатысуымен болдырмау. **«Қылмыссыз балалық шақ»** айлығының іс-шара жоспарына сәйкес Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп **«Аталар сөзі-ақылдың көзі»** атты іс-шара ұйымдастырылды. Онда бала тәрбиесіне жағымды әсер ету мақсатында **«Ардагерлер кеңесі», «Ата мектебі «Әже мектебі», «Әке мектебі»** мүшелерін тарта отырып оқушылармен кездесу өткізілді. Оқушыларымыз дана апа-аталарымыздың айтқан өсиет әңгімелерін қызыға тыңдап, асыл әжелеріміз қызықты мәліметтер алып, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

2022 жылдың 11 қараша күні Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы

жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында жарияланған «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбындағы айлық іс-шарасының жоспарына сәйкес мектепте «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбындағы жаңа форматта ата –аналар жиналысы өткізілді. Ата –аналар жиналысында «**Бір күн мектепте**» атты мұғалімдер тарапынан сахналық көрініс ұйымдастырылды. Онда назарға «**Ұл тәрбиесі**», «**Қыз тәрбиесі**», «**Жыныстық тәрбие**», «**Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу**» барлық тақырып біріктіріліп көрсетілді. «**Түнгі қаладағы балалар**» атты рейдтік іс-шара өтілді. Онда балалар құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасын алдан алу іс-шара өтілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп гимназияның кітапханасында сыныптар бойынша «**Кітапханадағы бір күнім**» атты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты оқушылар мен ұстаздарымыздың кітап оқуға деген құлшынысын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру болып табылады. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» айлық жоспарына сәйкес «**Аутодеструктивті мінез құқықтың алдын алу**», жасөспірімдердің ерекше жағдайын анықтау мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында психологиялық сауалнамалар алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша арнайы сараптама жасалып, ата –аналарға ұсыныстар берілді. Мұндай үйлесімді жұмыстың негізгі міндеті – балаға қатысты толеранттылықты қалыптастыру, балалармен және ата –аналармен өзара қарым-қатынаста психологиялық күзіреттілігін көтеру болып табылады. «**Заң-Оқушы-Заман**» тақырыбында тәрбие сағаттар, пікірталастар өтті. Сонымен қатар, мектеп инспекторымен 5-11 сынып оқушылары арнайы кездесті. Кездесу барысында қоғам өміріндегі өзекті мәселелер талқыланды. Айта кету керек, аталған іс-шара адами әлеуетті дамыту бөлімінің айлық жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп «**Алтын күз**» мерекесіне орай 8-9 сынып оқушылар арасында «**Күзгі Ханшайым мен Ханзада**» атты сайыс ұйымдастырылды. 8-11 сыныптар арасында «**Респродуктивті денсаулық нашақорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың, АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салтын**» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. «Тарих тағылымы» жобасы аясында ҚР рәміздеріне 30 жыл толуына орай «**Қазақстан рәміздері – елдігімнің белгісі**» тақырыпта 5-10 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары болып өтті. Ашық тәрбие сағаты барысында мемлекеттік рәміздер кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырамас нышандары, ұлттық мақтанышы екені жайлы сөз қозғалды.

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектепте отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушіліктің алдын алу, тіл табысып кетуіне ықпал ету мақсатында «**Ата –аналарға хат жазу**» іс –шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің айлық іс-шара жоспарына сәйкес өтті. Ата –аналармен байланыс нығая түспек. Олардың бала болашағына деген ықпалын арттыру қашан да маңызды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 8-10 сынып оқушылары арасында «**Тәуелсіздік, биік болсын тұғырың**» атты мектепшілік пікір-сайыс өтті. **Мақсаты:** Өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру. Оқушылардың бойында жауапкершілік, туған

өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу.

«Жас Қыран» кемел келешек кепілі. Мектебімізде 2-сынып оқушыларын Республикалық бірінғай **«Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы** қатарына оқушыларды қабылдау салтанатты жиын өтті. Жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түзету-дамыту, психологиялық ағарту, **Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ**, Жеке және топтық психологиялық кеңестер мектеп психологтары ұйымдастырды. «Үнем-қоғам қуат» жобасы аясында «XXI ғасыр менеджері» атты 8 «Ә» сыныбында шеберлік сағаты өтілді. 7-10 сыныптар арасында қыздар жиналысы болып өтті. Мақсаты. Қыз балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қадірлеу, ұлтжанды, отансүйгіштік сезімдерге баулу, тәрбиелеу. **«Кибербуллинг»** Интернет желісін тиімді пайдалану мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** ой дамыту ойындары, спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп гимназиясында оқушылардың Республикалық бірінғай **«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы** қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. 5-сынып оқушылары «Жас Ұлан ББЖҰ қатарына қабылданды. Мектеп әкімшілігі оқушылардың «Жас Ұлан» ұйымына қабылдануларымен құттықтап, егеменді елемездің еңселі азаматтары болуларына тілек білдірді. «Жас Ұлан ұйымына қабылданған оқушыларға галстук тағу рәсіміне мектеп мұғалімдерімен қатар өзін өзі басқару ұйымы мектеп парламентінің президенті Назым Маратқызы мен парламент мүшелері де қатысты. «Жас Ұлан» ұйымына қабылданушылар алдағы уақытта қоғамдық, танымдық, шығармашылық қабілеттерімен мектеп жүйесіндегі тәрбиелік тәжірибені дамытуға, ат салысу міндеттелді. Оқушылар Қазақстан Республикасының патриоты болуға, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, табиғатты аялауға, салауатты өмір салтын сақтауға, оқуда озат болуға ант қабылдады.

«Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтік іс-шара онда балалар құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасын алдын алу мақсатында мектептің мобильдік топ мүшелері түнгі рейдке шықты. Рейд барысында ешқандай құқық бұзушылықтар орын алған жоқ. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында «Мектеп патрулі» жас инспекторларының ұйымдастыруымен әлімжеттіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ТЕХ жобасы негізінде **«Өзіңнен баста!»** ашық микрофон пікір алмасу өткізілді. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының

ұйымдастыруымен **«Сыбайлас – жемқорлықсыз болашақ»** тақырыбында 7-8 сыныптар арасында флешмоб ұйымдастырылды. 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған мерекелік атмосфера қалыптастырылды. Мектеп фойесі, дәліздер, сыныптар оқушылардың өз еңбегімен, қаржылық шығындарсыз мерекелік тақырыпқа сай безендіріліп, мерекенің ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Мақсаты: **Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығын атап өту.** Оқушыларға Тәуелсіз Қазақстан Республикасының өткені мен болашағы, даму тарихы туралы мағлұматтар бере отырып, келешекке сеніммен қарауға, ұлтын сүйуге, қастерлеуге үйрету. Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **«Тәуелсіздік – тірегім»** тақырыбында оқушылар мен мұғалімдердің қатысуымен челлендж ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» **«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні»** мерекесіне орай оқушылардың қатысуымен арнайы флешмоб ұйымдастырылды.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққан әрбір саналы азаматты «Отыз бір жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекетіміздің нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыда алғанда, бұл – арман – мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет. Бүгінгі флешмоб та жастар бойында Отансүйгіштік қасиетті қалыптастырады деген үміттеміз. 9-сынып оқушыларының қатысуымен **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** тақырыбында Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен дебат өткізілді. **«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні»** мерекесіне орай мектеп кітапханасында көрмелер, тарихи сағат, танымдық кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге. Отанын қастарлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.

«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мектепте үздік оқушылардың жетістіктерін насихаттап, марапаттады.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Рухани танымды тәрбие күні құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу мақсатында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін бос уақытын тиімді пайдаланып шахмат ойындары өткізілді.

«Қылымыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспары бойынша **«Рухани танымдық тәрбие»** күні құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушыларға бейнелеу өнерінің қыр сырын жан-жақты үйрету. Оларды дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту. Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру. Өнерге баулу, шығармашылыққа тәрбиелеу. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдауға бағытталған қайырымдылық іс-шаралар** іске асырылды. Мектебіміздің қамқоршылық кеңесі мен өзін-өзі басқару ұйымы қайырымдылық істерде қашан да белсенділік танытады.

«Зорлық –зомбылықсыз 16 күн» халықаралық іс-шарасы біздік мектепте белгіленген жоспарға сәйкес әлі де жалғасады. Онда ұстаздарға, ата –аналарға, оқушыларға арналған тренинг, дөңгелек үстел, семинар т.б шаралар қамтылған. Іс-шаралардан күтілетін нәтиже: жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, отбасылық мораль мен гуманистік көзқарас қалыптастыру.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құқықтың алдын алу мақсатында **«Өнерлі жас»** тақырыбы бойынша оқушылар арасында қол өнер сайысы өткізілді.

Жаңа жылдық ертеңгілік. Жаңа жылдық ертеңгіліктер 1-4, 5-11 сыныптарға жаппай 26-27-28-29 желтоқсан күні сабақтан тыс уақытта бекітілген кестеге сәйкес өткізілді.

Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін дәріптеу мақсатында **“Ауған ақиқаты”** тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. **“Үнем-қоғам қуаты”** жобасы аясында **“Жарнама жасау өнері”** байқауы өтті. Байқауды өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері ұйымдастырды. Оқушылар арасында жарнамалау өнері жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді, байқау басқа сыныптар арасында жалғасын тапты. Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған **Республикалық “Алтын жүрек”** челенджі ұйымдастырылды. “Дала данышпандары” Төле бидің 360 жылдығы, Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығы және Әйтеке бидің 340 жылдығына орай Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп **7-сыныптар арасында “Жігіт сұлтаны-2023”** байқауы болып өтті. Байқауда білімді, өнерлі, тапқыр жігіттеріміз бақ сынады. “Дәстүр мен ғұрып” жобасы аясында **“Ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдар”** тақырыбындағы челлендж ұйымдастырылды.

Мектептің әкімшілік қолдауымен психологиялық сүйемелдеу қызметі тарапынан аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында **“Жылу life”** іс-шарасы өтілді.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, есірткі мен нашақорлықтың аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында “БІЗ ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫМЫЗ” айлық акциясының ашылуына және іс-шараларына сәйкес **“АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР!”**, **“НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЛАЛАР!”** тақырыптарында түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды.

“Азаматтық қорғаныс күніне” ДАБЫЛ сигналы шалынып эвакуациялық жаттығуы жасалынды.

1 наурыз -Алғыс айту күніне орай **“Алғысым шексіз”** атты іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараға мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, оқушылар белсене қатысты.

8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай 2023 жылдың 03 наурыз күні 9-10 сыныптар арасында **«Абай Аруы-2023»** байқауы өткізілді. **«8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне»** іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға өзін өзі басқару «Мектеп парламенті» ат салысты.

Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз мерекесіне арналған “**Қош келдің-әз Наурыз**” мерекелік онкүндік іс-шара жоспарына сәйкес Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп “**Таза табиғат**” іс-шарасы ұйымдастырылды.

“Қош келдің -әз Наурыз” мерекелік іс шара жоспарына сәйкес Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп шынықтыру пән бірлестігінің ұйымдастыруымен “**Ұлы дала ойындары**” тақырыбында іс шара өтті. Іс шараның мақсаты: ұлттық спорт түрлерін насихаттау, қазақ спорт өнерін дамыту.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша 7 сәуір–Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «дені сау ұрпақ –ел болашағы» атты іс-шара өтілді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша Шахмат ойнау челлендж ұйымдастырылды.

Рухани танымдық тәрбие бағыты бойынша «Өзін-өзі басқару» жобасы аясында 23 сәуір –дүниежүзілік кітаптар күні «Қазақ тіліндегі 100 жаңа кітап» тақырыбында дөңгелек үстел, Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Менің әкем жақсы адам» тақырыбында 7-сыныптар арасында эссе жазу бойынша байқау, Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығы «**Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым!**» тақырыбында іс-шаралар өтілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП*. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында балалардың қатысуымен мәдени – бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шаралар жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде 2023-2024 оқу жылында аталып өткізілетін мерей тойлық даталы күндер: 1 қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары, 5 қыркүйек - А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар, «Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 ж, 1 қазан - Қарттар күні , 5 қазан – Мұғалімдер күні, 2 5 қазан – Республика күні, Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл, Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, 5 қараша - Ұлттық валюта күні, Қазақтың ұлы ақыны Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жыл, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 150 жыл. Мектебімізге есімі берілген, Торғай көтерілісінің қолбасшысы болған Амангелді Имановтың туғанына 150 жыл толуына байланысты «Батырдың аты өшпейді» атты онкүндік. 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы, 1 наурыз – Алғыс айту күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні.

2023-2024 оқу жылында Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектепте тәрбие саласы бойынша атқарылған іс-шаралар есебі

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша атқарылған іс-шаралар 1 қыркүйек - Білім күніне арналған “Мектебім - мейірім мекені” атты іс-шара өтілді. Шуақты қыркүйек айының бірінші күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндермен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысты. Аудан әкімі М.Тұрысбеков, аудандық білім бөлімінің басшысы Н.Айдаров барша ұстаздарды, оқушыларды, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерді бүгінгі “Білім күнімен” құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 2023 жылы 27 қыркүйек күні жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық сауаттылық пен құқықтық мәдениетті арттыру мақсатында "Оқушы қауіпсіздігі басты назарда" тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың мақсаты бала тәрбиесінде ата-ананың рөлін арттыру және жауапкершілігін сезіндіру. Жиналысқа ата-аналар толық қатысты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Қалиев күн тәртібіндегі мәселерді таныстырып, жиналысты жүргізді. Жиналыста Қ.Қалиев мектептің ішкі тәртіп ережесі, ата-аналардың міндеттері туралы айтып, ата-ана мен мектеп арасындағы келісім шартпен таныстырды. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналарға "Бала тәрбиесіндегі ата-ананың үлесі" тақырыбында баяндама оқыды. Мектеп формасына қатысты заңның өзгерістерімен таныстырып өтті. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Қ.Бақтиярқызы сергіту сәтін ұйымдастырды. Сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі А.Ешенқұлова тәрбиелік мәні бар видеотүсірілімдер ұсынды. Ата-аналар күн тәртібіндегі мәселер жөнінде өз пікірлерін білдірді.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid0S97QPP8wx7i1sgnyzGov46WC7yTWo9oar7yTgiCt1xFpaGLTTW35FMp55vnLJSM71>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебінде қыркүйек айының 28 күні терроризмге қарсы оқу жаттығу өткізілді. Алгоритмге сәйкес мектеп әкімшілігі мен күзетшісінің іс әрекеті пысықталды. Мектеп ғимаратына шабуыл болған жағдайда алғашқы қадамдар қалай болатыны жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid0nRxa46XEDmmfPkviSDo7AeHXtEoP9kog6ZFMjbWtiM5z9zU8b88N4bKcvPsFzUzkl>

Облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 13 қазандағы №40-01-04/7535 хатының негізінде «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығының 35-тармағына сәйкес 2023-2024 оқу жылынан бастап негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) білім беру деңгейінде

академиялық жыл аяқталған соң қазақ тілінде оқытатын мектептер «Қазақ тілі» пәні бойынша және қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептерде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша емтихан тапсыру қарастырылғаны туралы Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектепте ата-аналарға және оқушыларға түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Түсіндірме жұмыстар негізінде аралық аттестаттаудың мақсаты, міндеті үлгілік оқу бағдарламасы жайлы түсіндірілді. Емтихан үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын қамтитын, әр сыныпта оқу мақсаттарына сай өтетіні айтылды. Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне орай алынады және емтихан тапсырмасын құрастыруда төрт дағды қамтылады. Емтихан сұрақтарын емтихан алушы педагог құрастырады және пән мұғалімі емтиханды төртінші тоқсанның соңғы сабағында бақылау жұмысы форматында өткізілуі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid0cvZGGps8tDXTceDMcUwHZTeN6UQvc2vL3hs4BB6b6RrfhvsTwUr4Wj2Y7qCFYJF9l>

Өскелең ұрпақты тәрбиелеудің ұлттық құндылықтарын қалыптастыру шеңберінде "Тоғыз айға 9 іс-шара" тұжырымдамасы жоспарындағы "қазан Өнұран айту" іс - шарасы "Республика күні" мерекесі қарсаңында 23 қазан күні сағ 12.00 де мектебіміздің ұстаздары және оқушылары түгел сап түзей отырып орындады. Өнұранды орындау - ең алдымен, Қазақстандық патриотизмді, азаматтықты қалыптастырады. Әрбір Қазақстандықтың өз еліне, жеріне, халқына деген мақтаныш сезімін оятады. Барлық оқушылардың, жастарымыздың сөзін жатқа білуі және айта білуі міндетті.

<https://www.facebook.com/share/v/RdmZDd16FJP2KNg6/>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде №161 бұйрығына сәйкес 2023 жылдың 19 қазан күні гуманитарлық пәндер, 20 қазан күні жаратылыстану пәндері бойынша мектепшілік олимпиада өткізілді.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid02wtjpcWofgiX6eGuGCHP6qCaer2Ffag6mr9ifxLKiuFCYzk4FGYqZLti2QbGBWwBEI>

Түркістан облыстық Білім беруді дамыту орталығының жылдық жұмыс жоспарына сәйкес "ҮЗДІК КІТАПХАНАШЫ - 2023" кітапхана мамандарына арналған облыстық байқауынан Созақ ауданы, Абай ауылы Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептен Исатай Әдемі жүлделі I орынды иеленді. Марапаттау рәсіміне Білім беруді дамыту орталығының директоры Бақытжан Нұрмағанбетұлы келіп "Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт" аясында әңгіме қозғап, жеңімпаздарды марапаттады.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid02hr98GpEiyoWvN6HATKeqQcqNZw17dXna7jrWSJhgjQTwR1uXmgUpjohXkiQEbZbLl>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында, жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз ұрпақтарды тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің 7-сынып оқушылары және сынып жетекшісі Умиралиев Серік ағайымыздың ұйымдастыруымен "Қазақстаным байтақ,

мекенім” атты ашық тәрбие сағаты өтілді. Ашық тәрбие сағатына мектеп мұғалімдері мен ата- аналар қатысып, ерекше ыстық лебіздерімен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/p/WcBeSujxdETX3hCm/>

Мектебімізде математика пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен “Математика- ғылымдардың патшасы ” тақырыбында апталық өткен болатын. Апталықтың ашылуынан бастап, оқушылар өте белсенді болып, түрлі сайыстармен сабақтарға қатысып отырды. Ал , апталықты қорытындылай келе сабақтарға белсенді қатысып, апталыққа байланысты өткен сайыстарда тапқырлық танытқан оқушыларға мақтау қағазы берілді.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid037ViAv7xGNXM8BURGx9ojQahq18F5pp5nLRyrGLEA2ogmr27QMeeE1ZVsiwH4SNUPI>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 11-15 желтоқсан аралығында «Қайырымды жүрек-жомарт қол» тақырыбында әлеуметтік педогог апталығы басталды. Мақсаты: Балаларды қазақтың асыл қасиеттері жомарттыққа, кеңпейілділікке, кешірімділікке баулу, өзінде барды әр адамға шын жүректен бөлісуге үйрету; қайырымдылық адамгершілікті биік ұстауға, әрқашан көмектесуге дайын болуға шақыру. Аптаның алғашқы күні «Қайырымдылық- жылы лебіз» тақырыбында ашылу салтанаты болып мектептің оқушылары, ұстаздары жылы лебіздерін білдірді. Сонымен қатар «Қамқорлық пен мейірімділік» тақырыбында 1-4 сыныптар арасында сурет салу байқауы болды,. Апталықтың екінші күні «Адамгершілік- асыл қасиет» тақырыбында 5-7 сыныптар аралығында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/FR1jB4PEJpWfrn1u/>

Мектепте бүгінгі жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар өзін- өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын өршіл қайратты етіп тәрбиелеуді жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін Республикалық бірінғай “Жас Ұлан”,”Жас Қыран” балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына ұлдар мен қыздарды қабылдау салтанатты жиыны болып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/wAH8uNipcm6Jq6SB/>

Түркістан облысы, Созақ ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту бөлімінің “ Тілдерді оқыту және дамыту орталығы”бойынша еліміз бен туған жерімізді, Отанымызды ардақ тұту, жастардың бойында еліне, жеріне деген патриоттық сезімді қалыптастыру мақсатында “Тәуелсіз елім-Қазақстаным!” атты аудандық байқауға Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектептен 10 сынып оқушысы Ғабитқызы Инабат қатысып, жетекшісі мектебіміздің тәлімгері Әліпбай Нұрдәулеттің дайындауымен жоғары нәтиже көрсетіп I дәрежелі дипломмен марапатталды!

<https://www.facebook.com/share/p/Go8w9S5dqowC2eFi/>

2023 жылдың 19-20 желтоқсан күндері 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңі болып өтті.

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінен

1 -орынды орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша Бекмаханбет Толғанай

2-орынды химия пәні бойынша Досман Меңтай

3-орынды тарих пәні бойынша Созақбай Бегмай иеленіп отыр.

<https://www.facebook.com/share/p/8b5A2kmkMxnLHTJv/>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 2024 жылдың 24-қаңтар күні сағат 10:00 төтенше жағдайға байланысты оқу-жаттығу жұмыстары өткізілді. Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер мен оқушылар түгел сыртқа шығарылып түсіндірме жұмыстарын мектептің АӘД пәні мұғалімі Н.Есентай жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/ooZWpj4XjpGVxdGZ/>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 22-26 қаңтар аралығында «Психология - ғажайып әлем» тақырыбында мектеп педагог - психологы Есмахатова Айгерим Сакеновнаның іс - шара жоспары бойынша психология апталығы басталды.

Мақсаты:

- Психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, ұжыммен, оқушылармен, ата - аналармен психологиялық жұмысты жандандыру;
- Өзіңді тануға, бір - біріне қуаныш сыйлауға, бірлік пен татулыққа баулу;
- Мұғалімдердің эмоциялық көңіл - күйлерін көтеру, өз кәсібіне деген ынтасын арттыру, оқушылармен қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Апталықтың бірінші күні мектеп директорының м.а Қ.Қалиев салтанатты түрде апталықты ашып берді. "Жанымыз жақсылықтан жаралған, жүрегіміз мейіріммен нұрланған" тақырыбында бір-біріне деген жылы лебіз білдіру және де психологиялық ойын жаттығуларымен басталды.

Апталықтың екінші күні "Менің отбасым" тақырыбында 1-4 сыныптар арасында көңіл - күй арттерапиясы. Сурет салу сайысы, 5-11 сыныптар арасында "Ең әдемі күлкі" тақырыбында фото сурет сайысы болып өтті. "Кибербуллинг, буллингтен қалай қорғануға болады?" тақырыбында 6-7-8 сыныптар арасында дөңгелек үстел болып өтті. Апталық іс-шара жоспары бойынша жалғасын табуда.

<https://www.facebook.com/share/p/kphZ6798Wb2YDhWS/>

Созақ ауданының білім бөлімі, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің 12.01.2024 жылғы №28-1-3/160-4 хатын басшылыққа ала отырып Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 2024 жылғы 1 ақпан күні сағат 11:00 де 7-11 сынып оқушыларының арасында "Мен үлгі тұтатын адал адам!" тақырыбында бірінғай эссе жазу сағаты өткізілді. Бірінғай сағатты өткізудің мақсаты - адалдық негізінде өскелең ұрпағымыздың өзіндік бағдарын анықтауына жол көрсететін тәлім-тәрбие беру.

<https://www.facebook.com/share/p/FoxHQZ54jmFnuPpH/>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 13 ақпан күні мектеп педагог-психологы Есмахатова Айгерим Сакеновнаның кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу жоспары бойынша "Өнегелі, тәрбиелі қыз бала қандай болу керек?" тақырыбында 8-11 сынып қыздары арасында қыздар жиналысы болып өтті. Мақсаты: Жас жеткіншектер арасындағы ерте жүктіліктің алдын алу. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе

бойынша мектеп педагог-психологы Есмахатова Айгерим Сакенқызы "Ерте жүктілік немен қауіпті?" тақырыбында баяндама оқып, "Өнегелі, тәрбиелі қыз қандай болу керек?" тақырыбында слайдпен қыз балаларға кеңес берді. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша "ерте жүктіліктің қауіп-қатері" тақырыбында статистикалық мәліметтерді баяндап, ерте жүктіліктің қауіп-қатері өте зор және оның жауапкершілігі мол іс-екенін тілге тиек етті. Жасөспірімдер бір ғана шалыс басқан істің артында үлкен қауіп-қатер бар екенін айтып кетті. Мектеп қыздарына жас ерекшеліктеріне сай видеолар көрсетіліп, өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру мақсатында түрлі психологиялық ойын жаттығулар жүргізілді. Қыздарға мектеп формасын үнемі сақтап, жеке бас гигиенасын ұстануды басты назарға алды. Жиналыс соңында қатысқан оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды. Жиналыс өз дәрежесінде өтті. Алдағы уақытта қыздар кеңесінің төрайымы, мектеп медбикесі, педагог-психолог бірлесе отырып сауалнама, тест жүргізіп, тренинг, семинар, байқау, жиындар, кездесулер сияқты түрлі бағытта алдын-алу жұмыстарын белсене жүргізіліп отыратын болады.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid0VLLABsXcdFRYe3M5WLCXUWjJFnb7CtsmofLDPtdN4SpFy6oUy8ceMjLWuNv1tBNol>

ДОИЖО Ұ.Қуандықованың ұйымдастыруымен 19 ақпан күні оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, өз бетінше ізденуге, ойларын еркін жеткізе білуге және ойлау қабілеттерін жақсарту мақсатында 2 сыныптар арасында мектепшілік "Білім бәйгесі" атты зияткерлік сайыс өткізілді. Сайыс 4 кезеңнен тұрды.

1 кезең Ойлан тап

2 кезең Бәйге

3 кезең "Иә" "Жоқ" айдары

4 кезең Топ басшылар сайысы.

Сайыс қорытындысы бойынша Қыран тобы алға шығып 2"А" сынып оқушылары жеңіске жетті. "Бірлік" тобы "Қыран" тобы Мақтау қағазымен марапатталды

<https://www.facebook.com/share/p/qHYyWdZBBMQDXyA/>

Бастауыш сыныптар бірлестігінде 19-23 ақпан аралығында "Математика сиқырлы әлем" атты мектепшілік апталық бастау алды. 19 ақпан бастауыш сыныптар арасында қабырға газеттері ілінуі мен апталықтың ашылуы болды. Ашылу барысында бастауыш сынып бірлестік жетекшісі Н.Нусипова оқушыларды апталық жоспары мен таныстырып, апталыққа белсенді қатысуға шақырды.

<https://www.facebook.com/share/p/5v8npbQZZxT3aq5B/>

Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы жарық жұлдыздай жарқ етіп, күн сәулесін шашып тұрғандай сезіледі. Абаймен үндес Мұқағалидай перзенті бар халық-шынымен, бақытты халық. Мұқағали – ақиық ақын. Әр жас, талантты ұрпақ осы Мұқағали ақынның өлеңдерінен сусындайтыны анық. Мұқағали қазақ әдебиетінде өзіндік ерекшелігін көрсетіп дәлелдеп кеткен ақын деп білеміз. Жарық дүниедегі аз ғұмыры да мәңгілікпен жалғасатынын ақынның сезімтал жүрегі сезген сияқты. Иә, ақын туралы естеліктер жазылып жатыр. Уақыт өткен сайын

Мұқағали ақынның тұлғасы ақиқат пен аңызға айналған. Оның поэзиясы- халқымыздың байлығы. Ол халқымен бірге биіктеп, бірге жасайтын ақын.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай Иманов атындағы жалпы білім беретін мектебінің тәлімгері Әліпбай Нұрдәулет, кітапханашы Исатай Әдемі және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 2-4-сынып 5-11 сынып оқушылары арасында «Мұзбалақ ақын—Мұқағали» тақырыбында М.Мақатаев оқуларының мектепшілік кезеңі өтті. М.Мақатаев оқуларының мақсаты - оқушылардың поэзияға деген құштарлығын арттыру, өлең сөзінің құдіреті мен қуатын жанымен сезініп, жүрегімен түсіне білуге, ой пікірлерін ғылыми тұрғыда дәйекті жеткізуге баулу.

Байқаудың ашылу сәтінде математика пәнінің мұғалімі Байдабекова Анар апай М.Мақатаевтың «Майгүлге» өлеңін мәнерлеп нақышына келтіре оқып берді.

Жалпы байқауға 25 оқушы қатысты

2-4-сыныптар бойынша жүлделі орындарды

I орын 2-сынып оқушысы Төлеген Кәусәр

II орын 2-сынып оқушысы Сағынтай Айкөркем

III орын 2-сынып оқушысы Пернетай Ясина иеленді.

5-11-сыныптар бойынша жүлделі орындарды

I орын 11-сынып оқушысы Қамбарбек Аманбаек

II орынды 6-сынып оқушысы Досман Кәусар

III орынды 9-сынып оқушысы Созақбай Нұрғиса иеленді. Сонымен қатар, байқауға қатысып терең білімімен ерекшеленгені үшін оқушыларға Алғыс хаттар табысталды.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid02SDNMQq2ttQQzsojmGezDpBj9cGkExxF1XYq5LL6vBgkTH5EnaW8TWoFmfjwxVksLl>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 23.02.2024 жылы сағат 10:00 де дабыл бойынша сейсможаттығу өткізілді. 22.02.2024 жылы тұрақты құрамға, оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп бейнебаяндар көрсетілді. Дабыл соғылған сәтте бүкіл ұжым, оқушылар түгелімен мектеп ғимаратынан тыс ашық алаңға жедел шығарылды. 10-сынып оқушылары төтенше жағдай туындаған кезде қандай әрекеттер істеу керектігін іс жүзінде көрсетті. Сейсможаттығу өткізілгеннен кейін басшы құрам және топ басшылары жаттығуды қортындылап, жіберген кемшіліктермен жұмыс істеу туралы нұсқаулықтар берді.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid02155xpc4JNEuK9S8bT97VhTBeQc8DJmrQEdEkFQVqeS5yx3e3sscFL3AF74qzgKvNI>

23 ақпан күні бастауыш сынып мұғалімі, 4-сыныптың сынып жетекшісі Нусипова Нұргүл апайымыздың ұйымдастыруымен "Ұлттық құндылықтар тәрбие негізі" атты тәрбие сағаты өткізілді. Басты мақсат шәкірттерге ата-бабамыздан қалған шешендік сөздер, салт-дәстүр, ырым мен тиым сөздерді насихаттау, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар — біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру болды.

<https://www.facebook.com/share/p/wgnbA4UMeCdtXNK9/>

26 ақпан күні бастауыш сынып мұғалімі, 4-сыныптың сынып жетекшісі Байділдаева Гүлмира апайымыздың ұйымдастыруымен "Отбасы махаббаты

неде?!" тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыстың басты мақсаты ата-ана баласын түсіну мүмкіндіктерін кеңейту, баласымен өзара қарым-қатынасты жақсарту, отбасылық құндылықтарды жақсарту, балаға шексіз мейрімді болу болатын. Жиналыс барысында педагог-психолог А.Есмахатова сынып жетекшімен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында "❤ жылуы" атты психологиялық тренинг өтті.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid0T9krxDRvV5vZoG6uubfpuiqoB7kvC9EF1jEw87RYFJHYrGy874g9XgF4w71Ao8z6l>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Тоғыз айға 9 іс-шара» атты тұжырымдамасын іске асыру мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрлігі, Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана қолдауымен ағымдағы жылдың 28-ші ақпан күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджі ұйымдастырылды. Челлендждің мақсаты: еліміздің оқушыларын кітап оқуға шақыру арқылы оқу белсенділіктерін арттыру.

Міндеттері:

- оқушының оқуға құштарлығын арттыру;
- оқушыларды классик жазушылардың шығармаларын оқуға тарту;
- оқушылардың кітап оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

Іс-шара барысында мектеп кітапханашысы Исатай Әдемі оқушыларға бүгінгі челлендждің мақсаты мен міндетін, жалпы кітап оқудың болашағымыз үшін маңыздылығы туралы айтып өтті. «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырудағы басты мақсат, елімізде бүлдіршіндер мен балаларды кітап оқуға баулу және тәрбиелеу, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ұстаздарымызбен оқушыларымыз Республикалық челлендждің өту барысында тікелей эфир оқушыларымыз тамашалап, өз ойларымен бөлісті.

Атап айтар болса, 10 сынып оқушысы Маратқызы Назым өзі оқыған Санжар Керімбайдың «Бейсен және болмыс» кітабынан ой бөлісті. Досман Меңтай башқұрт жазушысы Айғыз Баймұхаметовтың «Тастамашы, Ана!» шығармасын оқушыларға нақышына келтіріп, қызықтыра баяндап берді. Оқушыларымызбен бірге өзімізге белгіленген F.Мүсіреповтың «Қазақ солдатты» кітабын оқып, талдаймыз.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid0yWmcgEXnShZrg6hRDwzNkY3FAxdB7FPyaydkm4zH1cjketS6hGfsd9Vn8zr8uNuEI>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде Республика көлемінде ұйымдастырылып жатқан “Біз қамқоршы баламыз, құстарға ұя саламыз” атты акциясы аясында эстетикалық пән мұғалімдері мен оқушылар құстарға арналған ұя жасап, мектеп ауласындағы талдарға орнатты. Оқушыларды мейірімділікке, ынтымақтастыққа, еңбексүйгіштікке, табиғатты аялауға, мәдени-экологиялық тәрбие беруге бағытталған шараға 1-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері және мұғалімдер белсене қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/58WZHotiMTQk23sZ/>

ДОИЖО Қуандықова Ұлбала апайымыздың ұйымдастыруымен 28 ақпан күні 4-сыныптар арасына "Ұшқыр ой мен шешен тіл" атты сыныптан тыс зияткерлік сайыс өткізілді. Сайыстың ұйымдастырылудағы басты мақсаты

оқушылар арасынан ерекше ойлай білетін, интеллектуалдық және рухани - танымдық жағынан өздігінен жетілуге талпынатын, көшбасшылық қабілеті бар, азаматтық және өмірлік ұстанымы бар, шығармашыл дарынды оқушыларды анықтау. Сайыс 3 кезеңнен тұрды.

1-кезең "Қазына аралы"

2-кезең "Тапқыр болсаң тауып көр"

3-кезең "Қанатты сөз - қазына"

3- кезең бойынша әділқазылар алқасының шешімімен 4"А" сыныбы "Жас ұлан" тобы 195 ұпай мен 4"Ә" сыныбы "Болашақ" тобынан озып І-орынды иеленді. 190 ұпаймен "Болашақ " тобы ІІ-орын алды. Сайысқа белсене қатысқан оқушылар арнайы Дипломмен марапатталды

<https://www.facebook.com/share/p/QVrSXBdGdUkXpD8T/>

1 наурыз "Алғыс айту" күніне орай "Алғыс айту - асыл қасиет!" тақырыбында 6"Ә" сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Ешанқұлова Ақеркенің ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты алғыс айтумен басталды, осынау тарихи мәнге ие бұл күннің басты құндылығы мен өз тағылымы бар екені де ақиқат.

<https://www.facebook.com/share/p/nMQx2CES17dHyYik/>

Қыз балаға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс -қимыл, жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін, ұшқыр ойларын, іс-әрекетке деген икемділігін анықтап, бағалау, одан әрі дамыту мақсатында мектебімізде 2"А" және 2"Ә" сыныбының сынып жетекшілері Құдайбергенова Эльмира, Ноғайбаева Раушанның ұйымдастыруымен 5 наурыз "Көктем аруы -2024" байқауы өткізілді. Байқауға 2 сынып қыздарынан, 8 үміткер қатысты. Байқау 5 кезеңнен тұрды. Әр кезеңде өз өнерімен тамсандырған қыздарымыз байқаудың сәнін келтірді. Әділқазылар алқасының шешімімен 2"А" сынып оқушысы Шеріс Алуа "Көктем аруы 2024" атағын жеңіп алды.

<https://www.facebook.com/share/p/NaiHFTdXydGtFWis/>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде биология пәні мұғалімі Ешанқұлова Ақеркенің ұйымдастыруымен 11-15 наурыз аралығында биология апталығы өтілуде. 14 наурыз күні "Қаратау қорығы" қызметкерлерімен бірлесіп "Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, Табиғаттың оны айтуға тілі жоқ" атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту. Шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Табиғатты қорғауға, елін, жерін сүюге, мейрімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру, Табиғат - Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу басты мақсат болды.

[#қаратауқорығы](#)

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid0tNQbRJxQJR2TpuSDM Q6eD2FQxАНKKxsRT5o2NUfGzaeYtQK9Q1epJxKdJ2gJz7djl>

15 наурыз күні мектеп кітапханашысы Исатай Әдемінің апталық жоспарына сай Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай және 8 сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Аханова Мақпалдың ұйымдастыруымен

"Балалар әдебиетінің бәйтерегі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының өтілудегі басты мақсаты қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту. Ойлау қабілеттерін, көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Елжандылыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/TzbVc9M4om2WsKw2/>

14-23 наурыз аралығында Наурызнама онкүндігі іс-шарасы өткізілуде. 15 наурыз «Қайырымдылық» күніне орай мектебіміздің әлеуметтік педогогы Әділбекова Ұлбосынның ұйымдастыруымен «Мейірімді жүрек» акциясы өткізілді.

Мақсаты: Балаларды қазақтың асыл қасиеттері жомарттыққа, кеңпейілділікке, кешірімділікке баулу, өзінде барды әр адамға шын жүректен бөлісуге үйрету; қайырымдылық адамгершілікті биік ұстауға баулу.

Міндеті: Ақциядан түскен қаражатқа, үйден оқитын оқушыларға оқу жабдықтары мен киім- кешектер алып сауапты іс жасау.

«Мейірімді жүрек» акциясына үлес қосқан жандарға, алғысымызды білдіреміз!

<https://www.facebook.com/share/p/cfK6JEFxJUKWzT9c/>

Түркістан облысы, Созақ ауданының білім бөлімінің Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде Мерекелік онкүндік Амал мерекесінен басталады, бұл күні жасы үлкендерге арнайы сәлем беріп, құрмет көрсету, қонақ күту, мейраммен құттықтап, ізгі тілек жаудыру салты қалыптасқан. Амал мерекесінің мәні Наурызбен біте қайнасқан, себебі ол – Наурыздың алғашқы хабаршысы.

Бұл күн – Табиғат-Ананың, Жер-Ананың, жалпы тіршілік атаулының көктемгі жаңаруы мен оянуының бейнесі. Қазақстан халқы үшін Амал дәстүрі отбасыдағы жылылық пен татулықпен тығыз байланысты. Жас кішілер үлкендердің үйіне арнайы барып, сәлем береді, Жаңа жылда ақсақалдардан бата сұрайды. Бұл дәстүр қазақстандық менталитеттің ажырамас бір бөлігі, туыс-туған, дос-жаран, көрші-қолаңның көптен күткен кездесуін білдіреді. Бұл күні адамдар бір-біріне кешіріммен қарап, ескі өкпе-реніштерден арылуы қажет деп саналады.

15 наурыз – Қайырымдылық

Мейірімділік пен жанашырлық кезеңі

Бұл күн қайырымдылық, мейірімділік пен тату көршілікті насихаттауға арналған. Жалпы, игі істер дәстүрін тарату қоғамда қайырымдылық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. қазақтың дәстүрлі киім үлгісі қазіргі кезде жаңаша түрлене бастады. Қазір қазақстандық дизайнерлер дәстүрлі ою-өрнектерді, нақыштарды және басқа да атрибуттарды заманауи стильмен үйлестіре отырып пайдаланады. Наурыздың қайта жаңарған мәні де осында: дәстүрлер жаңа заманға бейімделіп, тың мазмұн-пішінге ие бола бастады. ХХІ ғасырда қазақстандық дамудың бағытын осылайша дәуірлер тәжірибесіне негізделген жаңа мазмұндағы мәдениет айқындайтын болады.

17 наурыз – Шаңырақ күні

Наурыз – туыстық байланыстарды сақтауға және қадірлеуге үндейтін отбасылық мереке. Бұл – әрбірімізге жақын әрі бәрімізді біріктіретін құндылықтар. Ендеше,

17 наурыздың тақырыбы отбасы институтының маңыздылығын еске салып, туыстық қарым-қатынастарды нығайтуға себеп болады.

18 наурыз – Ұлттық киім күні

Бұл күн – киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдени әралуандығын танытуға мүмкіндік береді. Ұлттық киімде қолданылған маталардан біз өткен заманның сұлулығы мен болашақтағы бірегейлігімізді сақтаудың кілтін көреміз.

19 наурыз – Жаңару

Наурыз айында ел аумағында отырғызатын жаңа көшеттер тәрізді бұл күндері қоғамдық мәдениетке Наурыздың жаңа дәстүрлері сіңіріледі. Отырғызылған көшеттер өніп шығып, ағаштар жеміс бергені сияқты жаңа идеялар бен құндылықтар өз жемісін беріп, қоғамымызды нығайтып, өркендеуге жетелейді.

<https://www.facebook.com/share/p/zUCMXAL8KgYCs4it/>

5 сәуір күні "Отбасыммен өткен шуақты күндерім" тақырыбында "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" аясында 4"Ә"-сыныбының сынып жетекшісі Байділдаева Гүлмира апайымыздың ұйымдастыруымен тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың бойында ата-анаға деген ерекше жылы сезім қалыптастыру, ата-ананың бала өміріндегі ролін түсіндіру, ата-ананы құрметтей, сыйлай білуге, адал да парасатты ұл мен қыздары болуға тәрбиелеу. Отбасында ата-анасы, мектебінде ұстазы берген тәрбиені нәтижелі етуге баулу.

https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid036iw8XnsZuDnuu7u7nP_s1j6ZG6Qdbzp1m7tE7xHaaY64ps2uzE1qeXevE6n6p5oG6l

Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі еліміздің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты болуы ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылатыны анық. Дарынды балаларды қолдау мақсатында мектебімізде жүйелі де, маңызды жұмыстар атқарылуда. Мектебімізді облыс, республика көлемінде танытуда өз үлестерін қосып жүрген білімді де, дарынды, талантты шәкірттеріміз 8 сәуір күні марапатталды.

🌸1-сынып оқушылары Ақбота және Самұрық зияткерлік олимпиадасына қатысып І-ІІ дәрежелі дипломмен марапатталады.

🏆 Дәрежелі дипломмен Зәріпбай Арсен,

🏆 Дәрежелі дипломмен Өмірбек Кәмшәт, Қайрат Ақерке, Абай Раяна, Кәдір Жасмина, Мұхамеджан Жаннұр марапатталды.

Жетекшісі: Досманқызы Қаламқас

🌸2"А" сынып оқушылары Ақбота зияткерлік олимпиадасына қатысып І-ІІ дәрежелі дипломмен марапатталады

🏆 дәрежелі дипломмен Өмірбек Ерсейт,

🏆 дәрежелі дипломмен Шеріс Алуа, Сағынтай Айкөркем, Райс Рамазан марапатталды

Жетекшісі: Құдайбергенова Эльмира

🌸3-сынып оқушыларының мараттары:

Бастау математикалық олимпиадасынан

🏆 Досман Көркем

Кенгру математикалық сайысынан

🏆 дәрежелі диплом Досман Көркем,

Мүсірәлі Еркеайым

Мақатаев оқуларынан

🏆 дәрежелі дипломмен Досман Көркем, Мүсірәлі Еркеайым марапатталды.

Жетекшісі: Сарыбаева Қазна

🌟4-сынып оқушылары Ақбота зияткерлік олимпиадасына қатысып ІІ дәрежелі дипломмен марапатталады

🏆 дәрежелі дипломмен Қабылбек Индира, Мүсірәлі Айару, Оразбек Диас, Әбілхайыр Дінмұхамед, Сатыбалды Жания,Бейсенбай Сымбат,Серік Иса

Жетекшісі: Нусипова Нұргүл

🏆 орын тарих пәні "Менің шағын отанымның тарихы" сайысынан 10-сынып оқушысы Маратқызы Назым иеленді

🏆 орын тарих пәні "Менің шағын отанымның тарихы" сайысынан 10-сынып оқушысы Досман Меңтай иеленді.

Жетекшісі:Тоқбаев Берік

🏆 Химия пәнінен 10-сынып оқушысы Досман Меңтай иеленді

Жетекшісі:Құрманалиева Айгүл

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid026doV1VJKhSvZ3oFEmFZnxaQF9SMQm9VmT7NN5eBk4Loqn2RScSsM5xHA1NPraXA3l>

11 сәуір күні "Таза өлке" тазалық апталығының іс-шарасына сәйкес, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында мұғалімдер мен кіші қызметкерлердің қатысуымен сенбілік ұйымдастырылды

<https://www.facebook.com/share/p/JmyLr9Fcphy7aRJQ/>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 19 сәуірде 3-сыныптың сынып жетекшісі Сарыбаева Қазна апайымыздың ұйымдастыруымен

"Мен анаммен мақтанамын" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты:

- Мектеп—ата-ана— оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайту.
- Оқушының бойына анаға деген сыйластық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру.
- Ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

<https://www.facebook.com/share/p/pjt8J9zALLFHcG9c/>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебі "Таза Қазақстан" экологиялық акциясының 2-ші аптасы "Киелі мекен" күніне орай тарих пәні мұғалімі Тоқбаев Берік 6-7 сынып оқушыларын Отырар музейі, Арыстан баб кесенесі, Ахмет Яссауи кесенесіне ой -өрістері толықсып, тарихи құндылыққа толы рухани демалыс сыйлау мақсатында ұйымдастырылды

<https://www.facebook.com/share/p/cqdLBYfvcEQUi7DJ/>

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің мұғалімдері «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Мөлдір бұлақ» апталығында тазалық жұмыстарын жүргізуде. Апталық аясында арықтар мен бұлақ көздері тазаланып, айналасы күл-қоқыстан тазартылды. Бұл акцияны өткізу - қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсартып, табиғат байлығы – бұлақ көздерін қорғай білуге, өлкеміздің табиғи ресурстарын аялауға түрткі болуда.

<https://www.facebook.com/share/p/u29i5F4bHss3Em7h/>

25 мамыр күні “Мектебiм, саған мың алғыс!” тақырыбында соңғы қоңырау салтанатты жиыны өтті. 2023-2024 оқу жылының қорытындысында өткізілген мектеп бітірушілер іс-шарасының мақсаты: оқушылардың ұстаздарды құрметтеуге, ұшқан ұясына қамқор болуға, алған білімдерін пайдалана алуына, әр бір істің нәтижесін қорытындылай білуге, адал азамат болуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid02PGEgZFN48V5n2QA wA1zDHkDDEbKEoEC2jTQ2GWrHKpQwvdNEKLYpFDWbiv6wU8MCI>

2023-2024 оқу жылын қорытындылау мақсатында «Білімім – Отаныма!» жалпыреспубликалық бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының концепциясы мен сценарийін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген болатын.

Балаларды ұстаздарды құрметтеуге, білім ұясына қамқор болуға, білім алуға құштар болуға, жыл бойы алған білімінің нәтижесін қорытындылай білуге тәрбиелеу мақсатында өткен тәрбие сағатына 1-10 сынып аралығындағы барлық білім алушылар қатысты.

Тәрбие сағаты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін орындаумен басталды. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің жалпыреспубликаның білім алушыларына құттықтау сөзін тындап, республика бойынша балаларының жетістіктері туралы видеоролик қойылды.

Сонымен қатар, Созақ ауданының білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Шәмiл Сатыбалды бірқатар мектептегі іс-шараға қатысып, балалардың жақсы қасиеті, үлгілі істері, ерлік көрсеткен тұстарына ерекше назар аударып, оқу жылының қорытындысы бойынша үздік оқушыларды марапаттады. 9, 11 сыныптың түлектері «Мен. Мектеп. Ұстаз» тақырыбында мектеп қабырғасындағы балалық шақтан болашаққа қадамы туралы эссе жазды.

<https://www.facebook.com/amangeldi.imanov.7/posts/pfbid02QKiq5MHAoeN6Hex pBaM3ReRLNjyaojHBNrumberXa7FwoVamsqnk4fUrhvoisLHwHl>

Әлеуметтік педагог қызметінің 2023-2024 оқу жылында атқарылған әлеуметтік-педагогикалық жұмысы

Шығармашылық тақырыбы: Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік реабилитация мен бейімделуін қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

Мақсаты: Оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, Рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстары ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері: Балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу; оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету тәрбиеленушілердің

өмір сүру жағдайын, отбасының, микро ортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу; оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады; аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау; ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру; мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың тұрмыс жағдайы үнемі назарда болады
Балалардың қоғамдағы рөлі айқындалады
Жеке тұлға қалыптасады

Мектептегі әлеуметтік қызмет жұмыстарды жандандыру мақсатында 2023-2024 оқу жылына мынадай міндеттер қойылды:

- Оқу- тәрбиесінде және қарым –қатынасында қиыншылығы бар оқушыларды әлеуметтік педагогикалық көмекпен қамтамасыз ету;
- Жағдайы төмен, көп балалы, аз қамтылған, жетім, жартылай жетім отбасы балаларына көмек беру
- Баланың жеке дамуындағы ауытқуларын түзету және алдын-алу.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды. Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу

II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғанышылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс

VI. Диагностикалау-талдау қызметі

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Төмендегі кестеде 2023-2024 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

Әлеуметтік мәртебесі	Толық отб.	Толық емес отб.	Анасы жоқ балалар	Әкесі жоқ балалар	Көп балалы отб.	Аз қамтамасыз етілген отб.	Жетім балалар, ААҚ Қ	Мүгедек ба-лалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар
2023-2024 оқу жылы	58	3	-	-	66	18	-	3

лық шақтың құқығын қорғау жұмысы. Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар саны – жоқ. Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Акция аясында қолдау көрсетілген оқушылардың көрсеткіші төмендегідей:

	Саны (оқушы)	Сомасы (теңге)	2023-2024 оқу жылы
Қаржылай көмек алғандар	5	25000	
Материалдық көмек алғандар (мектеп формасы, кеңсе құралдары және т.б.)	3		
Азық-түлікпен көмек алғандар	-		
№64 қаулыға сәйкес қаржылай көмек алғандар	3	42000	
Жалпы	11	176000	

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы. Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 0

Тәуекел топтағы оқушылар – 0

Аудандық ИБ есебінде тұрғандар – 0.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қайырымды жүрек-жомарт қол» акциясы ұйымдастырылды. Акция аясында жиналған қаражат 4 отбасына балаларына киім-кешек алып беруге жұмсалды.

Мектептің педагогикалық кеңесінде әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық қолдау көрсету, жетім және ААҚҚ оқушылардың құқығының бұзылмауы, оқушыларды тегін жазғы қала лагерьмен қамту бойынша мәселелер қаралды.

Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

Биылғы оқу жылында 9 оқушы қала сыртындағы лагерьмен қамтылады деп күтілуде.

V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан оқушыларға берілді..

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Сыныптағы қарым-қатынас» семинары, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

2023-2024 жылы атқыралған жұмыстарға SWOT талдау

<i>S Күшті жақтары</i>	<i>W Мүмкіндіктері</i>
<ol style="list-style-type: none"> 1. Аудандық есепте бала жоқ. 2. Оңалту шараларын дұрыс ұйымдастырудың нәтижесінде жайсыз отбасылар жоқ. 3. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына материалдық көмек көрсетілуінің нәтижесінде баланың сабаққа келмей қалу қауіпінің жойылуы 4. Үздіксіз жүргізілген рейдтің нәтижесінде құқық бұзушылық фактілер саны азайды 5. Құқық бұзушылықтың алдын алуда үздіксіз жүргізілген жұмыстың нәтижесінде қылмыс ерте жүктілік, суицид фактілері орын алған жоқ 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Есепте тұрған, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы оқушылардың бос уақыттарын болдырмау мақсатында әр түрлі үйірмелерге, қоғамдық іс-шараларға, спорттық секцияларға, олимпиадаларға қатыстыру 2. Құқық қорғау органдарымен біріккен жұмыс түрлерін жандандыру 3. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түрлі форматта жұмыс түрлерін жандандыру 4. Ата-аналарға балаларының өмір қауіпсіздігіне байланысты түсіндірме жұмыстарын түрлі форматта жандандыру. 5. Бірлескен іс-шара жоспар бойынша атқарылатын жұмыстарды күшейту.
<i>O Әлсіз жақтары</i>	<i>T Қауіп-қатерлері</i>
<ol style="list-style-type: none"> 1. Ата-аналардың жауапкершілігінің төмендігі 2. Оқушылардың мектептің ішкі тәртіп ережелерін толық орындамауы 3. Мектеп инспекторларының мектепте болмауы 4. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының саны көбейгені 5. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырысқа түгел қатыспауы. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ата-ана-мектеп- бала арасындағы байланыстың болмауы 2. Құқық бұзушылықтың, қылмыстың орын алуы 3. Жайсыз отбасыларынан шыққан отбасы санының көбеюі 4. Интернетке тәуелділік. Бос уақытының дұрыс ұйымдастырылмауы 5. Қадағалаусыз және қараусыз жүрген балалар санының көбеюі

2023-2024 оқу жылына қойылған міндеттер:

- Мектепке келе алмау қаупі бар оқушыларды анықтап, «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында жалпыға бірдей міндетті оқу қоры есебінен және демеушілерді тарту арқылы қажеттіліктерімен қамтамасыз ету;
- Сыныптың, мектептің әлеуметтік төлқұжатын толықтыру;
- Медициналық-әлеуметтік есепке алынған балалармен және олардың ата-аналарымен профилактикалық жұмыстарды жүргізе отырып, санын азайту,
- Бірлескен жоспар аясында іс-шараларды жүргізу;
- Қамқоршылықтағы балалардың үй-тұрмыстық жағдайын жылына екі рет зерделеу;
- Балалардың жаз мезгіліндегі бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында жазғы сауықтыру орталықтарына тарту;

I.Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу:

Осы айтылған стратегиялық бағытты іске асыру мақсатында әр оқу жылының қыркүйек айларында әр сыныптың және мектептің әлеуметтік төлқұжат базасы жасалады. Соның нәтижесінде мектептегі аз қамтылған, көпбалалы, толық емес, жартылай жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған және жайсыз отбасы балалары анықталады.

№	Оқушылардың әлеуметтік топтамасы	2023 – 2024 оқу жылы
	I. Оқушылар туралы мәлімет	
	Мектеп оқушыларының жалпы саны	145
	Отбасы түрі бойынша	
1	Толық отбасы саны:	58
2	Толық емес отбасы саны:	3
3	Анасы жоқ балалар	-
4	Әкесі жоқ балалар	-
5	Көп балалы отбасы	66
6	Аз қамтылған отбасы балалар саны	18
7	Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған бала саны	
8	Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар	3
9	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-
10	Басқа мемлекеттің азаматы болып білім алушылар	-
11	Кәмілетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-
12	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-
	Ата-аналардың білімділік деңгейі	
24	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	35
25	Техникалық және кәсіптік	56
26	Орта	44
27	Жалпы ата-аналар саны	135

II. Бала құқығын қорғау жұмысы:

Бірнеше жылдан бері үзілмей келе жатқан «Мектепке жол» қайырымдылық Республикалық акциясы аясында жалпыға бірдей міндетті оқу қоры шығындары есебінен және демеушілер тарапынан жетім, аз қамтылған, көпбалалы, әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балалары қамтылып келеді.

Мақсаты: Аз қамтылған, көпбалалы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, жартылай жетім, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, жайсыз отбасынан шыққан балаларға демеушілер тарапынан көмек көрсету.

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтетін «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасыдан шыққан 5 оқушыға мектеп әкімшіліктен және де «Самұрық-Қазына» тарапынан демеушілік жасап мектеп оқу – құралдары мен сөмке таратылды. Атап айтар болсақ, әкімшіліктен бөлінген 50000 мың теңгені аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына Төлен Балғұмыр мен Бердеш Әлияға 25000 (жиырма бес мың) теңгеден бөліп беріліп, берілген қаржыға ата-аналары балаларына қажетті оқу құралдарын алғаны анықталды және «Самұрық Қазына» демеушілік еткен аз қамтылған отбасынан шыққан 1 сынып оқушылары:

1. Зәріпбай Диар
2. Өмірбек Кәмшат
3. Бердеш Ұлжалғастарға мектепке қажетті сөмке мен оқу құрал-жабдықтары табысталды.

Сонымен бірге, акция аясында мектепке келе алмау қаупі бар балалар жоқ, мектеп әкімшілігі құрамынан «Түнгі қала» рейді қыркүйек айында акция болуына байланысты ұйымдастырылды.

Рейд нәтижесінде, заңды өкілінсіз беймезгіл уақытта жүрген бала анықталмады.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан балаларға әкімшілік тарапынан қаржылай 25 мың теңгеден 2 оқушыға 50 мың теңге, мемлекет тарапынан 42000 мың теңгеден 3 оқушыға 126000 ақшалай демеушілік көрсетілді

№	Әкімшілік тарапынан көмек алған оқушылар саны Көрсетілген қаржы көлемі 50 мың теңге	2023-2024 оқу жылы «Мектепке жол» акциясы барысында 42000 (қырық екі мың) қаржылай қамтылған балалар саны
1	2	3

Бір мезгіл ыстық тамақпен қамту жұмыстарының ұйымдастырылуы:

Әр оқу жылының тамыз айында мектепте бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамту және ұйымдастыру жұмыстары жүргізіледі. Ыстық тамақпен қамту жұмыстары мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасын және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын басшылыққа ала отырып, күнкөріс деңгейі төмен және мемлекеттік атаулы көмек алатын отбасы балалары, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар ыстық тамақпен қамтылады.

№	2023-2024 оқу жылы	I жартыжылдық	II жартыжылдық
1	Ыстық тамақпен қамтылған балалар саны	78	68

Мектепте ата-аналарға күнделікті ас мәзірін көру үшін мектепте күнделікті ас мәзірі ілініп отырады.

Асханаға келіп түсіп жатқан азық-түліктердің сапасына, дұрыс жеткізілуі мен тасымалдауына мониторинг жүргізу мақсатында мектепте 7-адамнан бракеражды комиссия құрылған. Бракеражды комиссия ай сайын асханаға мониторинг жүргізіп, хаттама жазылады.

2023-2024 оқу жылының қаңтар айының 20 мен 17 наурызы аралығында бракеражды комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 бұйрығының «білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа ала отырып, оқушылардың білім алуын қамтамасыз ету және оларға жағдай жасау мен бөлінген қаражатты тиімді жұмсауды қамтамасыз ету мақсатында тамақ өнімдерінің сапасына, тамақтарды дайындау технологиясына, асхананың тоңазытқыш-технологиялық жабдықтарының жарамдылығына, азық –түлік пен дайын тағамдарды сақтау шарттарының сақталуын зерделеу мақсатында 2023-2024 оқу жылының II жартыжылдықта ай сайын мониторинг жүргізіп отырды, мониторинг нәтижесінде: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде 2023-2024 оқу жылының қаңтар айынан бастап, 5 санат бойынша 68 бала бір мезгіл тегін ыстық тамақпен қамтылып жатқаны, сонымен қатар асханада күнделікті бекітілетін ас мәзірінің перспективалық мәзірмен сәйкес келетіндігі, асхананың санитарлық-гигиеналық талапқа сай келетіндігі анықталды. Қазіргі таңда бракераждық комиссияның ай сайынғы асханаға жүргізіп отырған мониторинг нәтижесінде кемшіліктер орын алмаған. Асханаға балалардың уақтылы келіп-кетуін қадағалау сынып жетекшілеріне міндеттелгенін, асханада әкімшілік құрамынан кезекшілік құралған, тамақтар талапқа сай беріліп жатыр.

Мектеп асханасы жайлы мәлімет

Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектеп ғимаратында 42 орынға арналған асхана бар. Мектепте 68 бала ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Созақ ауданының тұтынушылардың құқықтарын қамтамасыз ету басқармасынан берілген санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы

III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс: Медициналық-әлеуметтік есепте (тізімдік есеп) тұрған балалармен жүргізіліп отырған жұмыс:

Мақсаты: медициналық-әлеуметтік есептегі оқушылардың үй-тұрмыстық және әлеуметтік жағдайын зерделеу.

2023-2024 оқу жылында Иманов атындағы шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінде қыркүйек айында медициналық-әлеуметтік (тізімдік) есептегі

оқушы саны- 3. Оның ішіндегі сенімхатпен оқитын оқушылар саны-3, өгей әке, өгей шешемен тұратын оқушы саны-0, мектепшілік бақылауда тұрған оқушы саны-0, мектепшілік есепте тұрған оқушы саны-0

2024 жылдың 17 наурызы мен 20-сы аралығында медициналық-әлеуметтік есептегі барлығы 3 оқушының үй-тұрмыстық жағдайын, әлеуметтік жағдайларын зерттеу мақсатында әлеуметтік педагог Ұ.Әділбекова, психолог Ә.Есмахатова, сынып жетекшілері бірігіп, үйлерін аралады.

Әртүрлі есептегі оқушылардың ата-аналарымен және сынып жетекшілермен біріге отырып, мектеп әкімшілігі профилактикалық іс-шараларды үздіксіз жүргізген нәтижесінде жайсыз отбасы санатына кіретін отбасы тіркелген жоқ. Медициналық-әлеуметтік есептегі балалар мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілері тарапынан үнемі қатаң бақылауда болып келеді.

2023-2024 оқу жылындағы көрсеткіші:
• Аудандық полиция бөлімінде есепке алынған оқушы жоқ.
• Мектепшілік есепке тіркелген оқушы жоқ.
• Жайсыз отбасынан – «Ата-ана міндетін орындамай отырған» есепте отбасы жоқ.

IV. Диагностикалау-талдау қызметі

Оқушылардың жазғы бос уақыттарын тиімді, мағыналы, салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, жазғы сыртқы лагерьмен және мектеп жанындағы ыстық тамақпен ұйымдастыру лагеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде аз қамтылған, көпбалалы, қамқорлықтағы балалар қамтылады және медициналық-әлеуметтік есептегі балаларды қамту бойынша жұмыстар ауқымды жүргізіліп келеді.

№	Жазғы сауықтыру лагері	2023-2024 оқу жылы
1	Жазғы сыртқы лагерьге баратын оқушылар саны	9
2	Мектеп жанындағы ұйымдастырылған лагерьге қамтылған бала саны	65

2023-2024 оқу жылында әр сыныптың, мектептің әлеуметтік төлқұжаты жасалып, мектепте оқитын оқушыларды тұрмыс және отбасы жағдайларына байланысты әртүрлі категорияларға бөліп, олармен тиісті жұмыстар жүргізіліп отырды. Аз қамтылған отбасы балаларына материалдық көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылатын қайырымдылық акциясы мектепте жыл бойы жүргізіледі. Оған ата-аналар, оқушылар, ұстаздар және кәсіпкерлер, қамқоршылық кеңесі мүшелері қатыстырылып, өз кезегінде олар үлестерін қосып келеді. Желтоқсан айының 11-15 аралығында «Қайырымды жүрек – жомарт қол» атты әлеуметтік педогог апталығы өткізілді. Жалпы жоспары мектебіміздің директоры тарапынан бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

Аптаның жұмыс жоспарына тоқталып өтетін болсам

1 күні апталықтың ашылуы мен 1-4 сыныптар аралығында « Қамқорлық пен мейірімділік» сурет салу

2 күні 5-7 сыныптар аралығында «Адамгершілік- асыл қасиет» мәнерлеп оқу

3 күні 8-11 сыныптар аралығында «Кешірімділік - көңіл кендігі» эссе

4 күні мектеп ұжымының ат салысуымен « Қайырымды жүрек-жомарт қол » атты қайырымдылық акциясы болып өтті.

5 күні апталықты қорытындылап,оқушыларды марапаттау рәсімі өтті. Жиналған қаражатты мектебімізден құрылған комиссия мүшелері : Байдабекова Анар,Есмахатова Айгерім,Тажиева Зағипа,Оспанов Дүйсендер қайырымдылық жәшігін ашып 57450 теңге қаражат жиналғанына көз жеткізді.Жиналған қаражатқа аз қамтылған отбасы балаларына, қайырымдылыққа құрылған комиссия мүшелері бірлесіп төмендегі оқушыларға

6^Ә сынып оқушысы Бердеш Іңкәр

8^Ә сынып оқушысы Төлен Балғұмыр

8^Ә сынып оқушысы Мұхаммеджан Алуа

7 сынып оқушысы Жақсыгелді Бекзат

5 сынып оқушысы Жақсыгелді Нұрдаулет

4^Ә сынып оқушысы Жақсыгелді Жандаулетке қыстық жылы күртелер мен спорттық екеуліктер алып табысталды

2023-2024 оқу жылына қойған мақсат пен міндеттерім:

- Балалардың әлеуметтік құқығын қорғау және балалардың дамуына жағдай жасау,сонымен қатар мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынас құру. Балалардың құқықтық білімін жетілдіру, азаматтық, әкімшілік,отбасылық, қылмыстық құқық заңдарын негізге алып, заңға бағынатын азамат тәрбиелеу, дені сау және білімді, тәрбиелі оқушы тұлғасын қалыптастыру; оқыту және тәрбие беру үрдісінде оқушы тұлғасын дамытуда әлеуметтік психопедагогикалық ахуал үйлесімділігін қалыптастыру;
- Сыныптың және мектептің әлеуметтік төлқұжаттар базасын толықтырып, жинақтау.
- Медициналық-әлеуметтік есептегі балалардың ата-аналарымен түсіндірме жұмыстарын және оңалту шараларын жүргізе отырып, санын азайту.
- Бақылауды қажет ететін оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауының алдын-алу шараларын жүргізу, әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушыларды «**Мектепке жол**» акциясы аясында жалпыға бірдей міндетті оқу қоры есебінен бөлінетін қаржымен қамтамасыз етілетін оқушылар тізіміне енгізу және демеушілер тарапынан көрсетілетін көмектермен қамтамасыз ету.
- Тәрбие бөлімімен бірлескен жоспар аясындағы іс-шаралардың жүргізілу жұмыстарын жандандыру.

Мектептегі оқу-тәрбие процесінің қауіпсіз болуын қамтамасыз ету және психологиялық қолдау жұмыстары:

Мақсаты:

- Білім беру мекемелерінің педагог ұжымы мен әкішілігіне оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даралығына сай келетін дамудың әлеуметтік жағдайын орнату және барлық оқу үдерісіне қатысушылардың педагогикалық ұжым мен оқушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының тұлғасының дамуы мен денсаулығын сақтау мен қорғауда тиісті психологиялық жағдай орнатуға қолдау көрсету;

Қызметтің міндеттері:

- Білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық талдау, негізгі проблемалады анықтау және оның туындау себептері мен шешу жолдарының әдіс-тәсілдерін анықтау;
- Тұлға дамуының жасерекшелік кезеңдерінде оқушылардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына қолдау көрсету;
- Өзіндік даму мен өзіндік анықталуға оқушылардың қабілетін қалыптастыру;
- Педагог ұжымының және әрбір педагогтың психологиялық мәдениетін арттыру, білім мекемесінде педагогикалық ұжымның әлеуметтік-психологиялық ахуалының үйлесімділігіне қолдау көрсету;
- Білім саласына қатысушыларға топтық және жеке дара түде психологиялық кеңес ұйымдастыру;

Оқу жылдары	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Білім алушы саны	372	342	142

Психологиялық сүйемелдеу білім алушылар, ата-ана, педагогтар сұранысы бойынша жұмыс бағдарламасы аясында төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Диагностикалық бағыт оқытудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтап зерттейді.

ҚР болашақ азаматтарын тәрбиелеуде ой-санасы, көкірек көзі ашық, рухани жетілген тұлғалардың атқаратын міндеті зор. Рухани жетілген тұлғалардың айналасында ізгі мақсатты көздеген адамдардың топтасуы да, ұстаз да әділ болып өнеге көрсетсе оны бәрі қолдайды. Сондықтан әлемдік үйлесімділікті қамтамасыз ету, жан дүниесі бай адамды тәрбиелеу үшін ақыл-ой, жүрек пен ұждан тазалығы керек.

Білім беру саласында педагогиканың негізі психологияда десек қателеспейміз, себебі бүгінгі таңда балалардың психологиялық денсаулығы өзекті мәселе. Осыған байланысты балалардың онтогенездік дамуының барлық кезеңдерінде балалармен жүргізілетін психологиялық жұмысты тәжірибе деңгейінде қарастырып, жан-жақты зерттелуі тиіс.

Білім беру саласындағы психологиялық қызметтің әр білім алушы тұлғасының психикалық ерекшелігін ескере отырып жүргізілетін жұмыс түрлері әр түрлі. Яғни білім алушыларды психологиялық мәселелерін а мәселелерді шешуде не түзетуде психологиялық коррекциялық жұмыстардың түрлері қолданылады.

Психодиагностикалық инструментарийлер: (әдістемелер).

Диагностикалық зерттеу: ақыл-ойдың даму деңгейін анықтау үшін ақыл-ой көрсеткіштерін анықтап, оларға зерттеу жүргіземіз (яғни **есте сақтауы**, қиял, ақыл-ой қабілеттері және т.б.).



1. Жеткіншектердің ақыл-ойы мен интеллектуалдық даму деңгейін анықтау қорытындысы:

Жалпы қатысқан сыныптар-5; 6; 7; 8. Қатысқан бала саны- 30



ИК-мәні төмендегідей:

Деңгейі	Дейін	Кейін	Айырмашылығы
140-жоғары-өте жоғары	-	-	-
120-140-жоғары	-	-	-
110-120-ортадан жоғары	6	7	+1
90-110-орта	12	12	-
80-90-ортадан төмен	8	9	+1
70-80-шекаралық	4	2	+2
70-төмен-ақыл ойы дамуы кешеуіл қалған	-	-	-

2. Жасөспірімдердің ақыл- ой дамуын диагностикалау «Ойлау типі» әдістемесі (Галина РЕЗАПКИНА)

Жалпы қатысқан сыныптар-9; 10. Қатысқан бала саны- 30

Мамандық таңдауға *дейінгі* ойлау деңгейінің нәтижесі:

Ойлау типінің даму деңгейі (ұпай саны)	Заттық-әрекеттік ойлау	Абстракттілі-символикалық ойлау	Сөздік-логикалық ойлау	Көрнекі-бейнелі ойлау	Креативтілік
0-2-төменгі	8	11	10	9	11
3-5 орташа	17	16	12	11	11
6-8 жоғары	5	3	8	10	8

Мамандық таңдауға *кейінгі* ойлау деңгейінің нәтижесі:

Ойлау типінің даму деңгейі (ұпай саны)	Заттық-әрекеттік ойлау	Абстракттілі-символикалық ойлау	Сөздік-логикалық ойлау	Көрнекі-бейнелі ойлау	Креативтілік
0-2-төменгі	4	6	8	9	11
3-5 орташа	17	11	12	11	11
6-8 жоғары	9	3	10	10	8

Әр адамда ойлаудың белгілі бір типі басым болады. Білім алушылардың ойлау типінің даму деңгейі анықталды. Осы қорытынды негізінде сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне, ата-аналарға бала бейімділігіне байланысты ұсыныстар берілді.

Білім алушылардың білімге, мамандық таңдауына осы түрлі ойлау типтерінің үйлесімі болғаны дұрыс. Сондықтан бәрінен маңызды болашақ мамандыққа деген қабілеті мен қызығушылығында. Психолог кеңесі, диагностикалық жұмыс ықпалынан оқушылардың даму деңгейінде өзгерістер пайда болды.


Жасөспірім тағдыры мен оның проблемалары айналасындағы адамдарды да бейжай қалдырмайды, әсіресе ата-аналар үшін балаларының өмірлік кәсіби бағдарлануы мәселесі, осы шақтағы балалардың мінез құлқындағы өзгерістерге дайын болу үшін алдын алу шаралары ұйымдастырылды. Коррекциялық жаттығулар мен тренингтер өтті. Әр сабақта қолданылған оқыту және тәрбиелік ықпалдың практикалық нәтижелілігін анықтай келе жеке сұхбат сабақтар да өтті.

Қорытындылай келе психологиялық зерттеу жүргізу барысында мұғалім белгілі бір педагогикалық міндетті шешу үшін бір ғана әдістеме мен шектелмейді, ал оқушылардың жекелей және жас ерекшеліктерін ескере отырып, әдістемелердің бір жүйесін іріктейді. Бұл жүйедегі әдістемелер табиғи сипатта, яғни дәстүрлі оқыту немесе тәрбиелік құрал ретінде болуы керек. Неғұрлым шынайы нәтижелерге қол жеткізу үшін бұл әдістемелер және тәсілдер зерттелінуші объектінің барлық жақтарын қамти отырып, бір-бірімен байланыста болуы керек. Педагогикалық және психологиялық қолдау, әр жас ерекшелігін ескере отырып, жұмыс түрі мен әдісін таңдау ол маманның үлкен тәжірибесін талап етеді.

3. 7-11 сынып білім алушыларының темперамент типі бойынша өңдеу:

Мақсаты: Білім алушылардың психологиялық портретін жасау.


Темперамент (лат. *temperamentum* - бөліктердің қажетті арасалмағы) адамның **психикалық** іс-әрекетінің динамикасын сипаттайтын тұрақы жеке ерекшеліктердің: психикалық процестер мен күйлер ағысы қарқындылығының жылдамдығының ырғағының - жиынтығы. Темперамент дегеніміз психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиынтығы.



4. 7-9 жастағы балалардың когнитивтік, коммуникативтік қабілеттерін және эмоционалды интеллектісін диагностикалау қорытындысы.

Мақсаты: 7-9 жастағы балалардың когнитивтік, коммуникативтік қабілеттерін және эмоционалды интеллектісін диагностикалау бойынша алдын алып қабілеттілікті анықтау

Даму деңгейлері	Когнитивті қабілет диагностикасы		Коммуникативті қабілеттерді диагностикалау		Эмоционалды интеллект диагностикасы	
Жоғары деңгей	-	0%	2	4%	4	9%
Орта деңгей	40	86%	36	78%	36	78%
Жақын даму аймағында	6	13%	8	17%	6	13%



7-9 жастағы балалардың когнитивтік, коммуникативтік қабілеттерін және эмоционалды интеллектісін диагностикалау барысында жоғары деңгей бойынша толық сапаны көрсетпеді. Орта деңгейде бала саны көбірек көрсетті. Жақын даму аймағындағы балаларда анықталды. Жақын даму аймағында тұрған балалармен түзете-дамыту сабақтары жоспарлы түрде жүргізілді.


5. Жеке және жағдайға байланысты (реактивті) алаңдаушылық шкаласы (Ц.Д.Спилбергер – Ю.Л.Ханин). Жеке адамның қасиеті ретінде алаңдаушылықтың деңгейін анықтау өте маңызды, себебі бұл қасиет субъектінің мінез-құлқын жете білуге мүмкіндік береді. Қатысушылар-8-9-10-11 сынып білім алушылары.

Оқу жылдары	2021-2022	2022-2023	2023-2024
тысқан білім алушылар саны	6	3	0

Қорытындыларды өңдеу

